



АҚОРДА

ҚАУІПСІЗДІК ПЕН БЕЙБІТШІЛІККЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУ ҚАЖЕТ



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Анталия дипломатиялық форумында әлемдегі оқиғаларға байыппен қарауға шақырды. Мемлекет басшысы форумның панельдік сессиясында «Әлемде орын алған жағдайларға байыппен қарауға кеңес берер едім», – деді. Президент Анталия дипломатиялық форумының ресми түрде ашылу рәсіміне қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз пікір-пайымын Анталия дипломатиялық форумының Mapping Tomorrow, Managing Uncertainties панельдік сессиясында айтты. Іс-шараны Түркия Парламентінің депутаты, бұрынғы сыртқы істер министрі Мевлют Чавушоғлы жүргізді.

Мемлекет басшысы бірінші кезекте Режеп Тайип Ердоған-

ның басшылығымен Түркияның халықаралық аренадағы беделі артып келе жатқанына айрықша тоқталып, ілтипат білдірді.

– Ең алдымен, көреген көшбасшы Режеп Тайип Ердоғанның жетекшілігімен Түркияның осы аймақта зор рөл атқаратынын айтқым келеді. Өңір әлсін-әлсін бетпе-бет келіп отырған өзекті мәселелердің шешімін табуға

елдеріміз айтарлықтай атсалыса алады деп ойлаймын. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Президент Ердоғанның келесі айда Қазақстанға жасайтын мемлекеттік сапарына ерекше мән беріп отырғанымызды жеткізгім келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)



БАЛАМАСЫ ЖОҚ БАЙЛЫҚ

Қазақстанда 70-ке жуық Балқаш көлі бар десек, біреу сенер, біреу күлер. Себебі бұл 70 көл біз білетін географиялық карталарда жоқ. Бірақ гидрогеологиялық картаға түсірілген. Біздегі жерасты суларының ауданы Балқаш сияқты 70 көлдің көлемімен бірдей екен. Елімізде жерасты суының 43 млрд текше метр қоры тіркелген.

→6

МОҢҒОЛИЯ ПРЕЗИДЕНТІ МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН КЕЛЕДІ

20-23 сәуір күндері Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Моңғолия президенті Ухнаагийн Хурэлсүх Қазақстанға мемлекеттік сапармен келеді.

Жоғары деңгейдегі келіссөздер барысында екі елдің саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын нығайту перспективасы талқыланады.

22-24 сәуірде Астанада Өңірлік экологиялық саммит өтеді. #RES2026 БҰҰ аясында құрылған жаңа диалог алаңының мақсаты – Орталық Азияның орнықты дамуына ортақ көзқарас қалыптастыру, климаттық және экологиялық сын-қатерлерді еңсерудің бірлескен шешімін іздеу.

Жиынға бірқатар мемлекет және үкімет басшылары, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың жетекшілері катысады.

22 сәуір күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттер басшыларының кеңесі өтеді.

ТІЛСІЗ ЖАУ ЖӘНЕ ТЕМІР ҚҰРСАУ:

МҮЛІК АДАМ ӨМІРІНЕН ҚЫМБАТ ПА?



Бұған қатысты Төтенше жағдайлар министрлігі де ресми түсініктеме таратты: «Өртенген үйдің пандусына кіреберісте тұрған жеңіл автомобиль тек биіктік техникасының (автосаты) аула ішіне кіруіне бөгет болды, алайда өрт сөндірушілердің негізгі іс-қимылдарына кедергі келтірген жоқ», – деп мәлімдеді ТЖМ баспасөз қызметі.

→5

ӨСІМДІКТІҢ «ЖАСТЫҚ ЭЛИКСИРІ» ЖАСАЛДЫ



Ғылым жолында құлдырау мен өрлеу қатар жүреді, бірақ дәл осы үдерістің өзі оны қызықты етеді. Жалпы, карбонилді қосылыстар өсімдіктерде үнемі түзіліп отырады.

→16

АҚОРДА

18 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

ҚАУІПСІЗДІК пен БЕЙБІТШІЛІККЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКпен ҚАРАУ ҚАЖЕТ

(Басы 1-бетте)

Содан кейін Қазақстан Президенті биыл әлемдік қоғамдастық алдында тұрған және жақын перспективадағы халықаралық күн тәртібін қалыптастыратын негізгі сын-қатерлер мен үрдістер жөніндегі пікірін айтты.

– Дипломаттар мен саясаткерлер адамзат жолайрықта тұр дегенді мысал етеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннанның: «Біз әлі де жолайрықта тұрмыз», деп жиі айтатыны есімде. Халықаралық шиеленісті азайтуға қатысты айтар болсақ, бұл жағдай ешқашан өзгермейді. Қазіргі қақтығыстар өңірлік ауқымнан шығып, жаһандық сипатқа ие болды. Әрине, БҰҰ – баламасы жоқ әмбебап ұйым, сондықтан әрбір мемлекетке белгілі бір жауапкершілік жүктеледі. Біріккен Ұлттар Ұйымына қолдау көрсету керек екенін жұрттың бәрі айтады. Бұл – факт. Бірақ Ұйымға қолдау көрсетіп қана қоймай, оған реформа жасау керек. Бұл да шындық. Ашығын айтқан жөн, «Ұйымға тез арада реформа жасалады» дегенге ешкім сенбейді. Өйткені БҰҰ-ны реформалау, өзгерту, қызметін қайта қарау мәселесін көптен бері көтеріп жүрміз. Одан ешқандай нәтиже шыққан жоқ. Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау, ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінен басталуы керек екенін мойындауымыз қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі көшбасшылардың бойынан табылуға тиіс қасиеттерге тоқталды.

– Жаһандық көшбасшылар, әлемнің әр киіріндегі жекелеген мемлекеттердің жетекшілері, ең алдымен, халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілік мәселелеріне жауапкершілікпен қарауы қажет деп санаймын. Қазір стратегиялық ұстамдылық өте маңызды. Менің ойымша, бүгінгі күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы әлемдегі шиеленістердің түйінін тарқату аса қиын емес. Жай ғана жауапкершілік танытып, сабырлы болу қажет, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Таяу Шығыстағы ахуалға қатысты пікірін жеткізді. Президент келіссөздер барысында басты мәселелерге ден қою керек деп санайды.

– Әлемде орын алған жағдайларға байыппен қарауға кеңес берер едім. Мәселен, бәрі Иранды талқылап жатыр. Әрине, бұл елдегі ахуал өте күрделі. Оған қатысты қандай да бір пікір айту қиын. Қазақстан Шығанақтағы елдерге тілектестігін білдірді. Біз тараптарды стратегиялық ұстамдылыққа және ескери іс-қимылды тоқтатуға шақырдық. Бұл қақтығыстың ауыр салдарын бәрі сезінді. Ең әуелі экономика құлдырады. Бүгінде Ормуз бұғазында кемелердің еркін жүзуіне қойылған тосқауыл туралы айтылып жатыр. Бірақ дәліздің қақтығысқа дейін еркін сауда жасауға ашық болғанын ескеру қажет. Сондықтан мәселенің мәніне үнілгеніміз жөн. Ал түйткіл ядролық технология мен ядролық қарудың таралуында еді. Бұл Иран төңірегіндегі қақтығысқа қатысты келіссөздердің басты тақырыбына айналуы керек. Бірақ қазір жаһандық сауда мәселесін талқылауға көшіп кеттік. Қиындықтарға қарамастан, ғаламдық саудасаттық көлемі өсіп келеді. Былтырдың өзінде өсім 2,5 пайызды құрады. Яғни, әлемдік саудадағы жағдай жаман емес. Алайда сауда-саттықтың сапасы мен мазмұны – үлкен проблема, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау мәселесіне жауапкершілікпен қарауға шақырды. Сонымен қатар Қауіпсіздік Кеңесі тұрақты мүшелерінің



ұстанымын Ұйымдағы дағдарыстың басты себептерінің бірі ретінде атады.

– Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау туралы айтқанда, барынша прагматикалық көзқарас ұстануымыз керек деп санаймын. Әйтпесе, алдағы уақытта да жолайрық, стратегиялық құндылықтар мен басқа мәселелер жайында айта береміз. Біз жаһандық, өңірлік кездесулер, конференциялар мен түрлі жиын өткіземіз. Қазақстан және Түркия сияқты орта державалардың маңызы мен оң ықпалын атап өткім келеді. Әрине, әлемде бізге ешкім тең келмейді деп мақтанудан аулақпын. Бірақ жаһандық үдерістерде жоғары деңгейде жауапкершілік танытып жүрміз. Мұны дипломатиялық іс-әрекетіміз көрсетіп отыр. Сондықтан жаһандық мәселелердің шешіміне жиі қарсы келетін Қауіпсіздік Кеңесіндегі ірі державалардан гөрі орта державалардың жауапкершілігі жоғары десек, артық болмайды, – деді Мемлекет басшысы.

Келесі сұрақты қояр алдында Мевлют Чавушоғлы Қасым-Жомарт Тоқаевтың дипломатиядағы тәжірибесінің мол екеніне назар аударды.

– Президент Тоқаев – халықаралық жүйені, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымын өте жақсы білетін әлемдік көшбасшылардың бірі. Ол БҰҰ Бас хатшысының орынбасары лауазымында қызмет еткенін білесіздер. Сол уақытта мен Еуропа кеңесі Парламенттік Ассамблеясының төрағасы болдым. Қасым-Жомарт Тоқаев бауырлас Қазақстан халқының игілігі жолында аянбай еңбек ете жүріп, халықаралық жүйенің тиімділігін барынша арттыруға үлес қосып келеді, – деді модератор.

Мемлекет басшысы БҰҰ мен басқа да халықаралық институттарды жетілдіру жөніндегі ойымен бөлісті.

– Біз өңірлік және жаһандық қақтығыстарды талқылаймыз. Алайда Сіз Түркияның бұрынғы сыртқы істер министрі ретінде келіссөздер БҰҰ мен басқа да ірі халықаралық ұйымдар алаңында емес, одан тысқары жерлерде өтіп жатқанын аңғарған шығарсыз. Тараптар БҰҰ-да емес, белгілі бір елдердің астаналарында, жекелеген конференция-залдарда кездеседі. БҰҰ жоғары өкілдерінің қақтығыстарға арағайындық жасағанын көре бермейміз. Бұл ойланатын мәселе. Демек, БҰҰ-ның рөлі төмендеп кетті деген сөз. Мен оған қатты алаңдаймын. Өйткені өзім де БҰҰ мен басқа да халықаралық ұйымдарда қызмет еттім. Қазір жұрт келесі БҰҰ Бас хатшысы кім болады деген тақырыпты талқылап жатыр. Менің ойымша, бұл аса маңызды емес. Ең басты түйткіл,

ұйым қазіргі күйінде әрі қарай қызметін жалғастыра ала ма? – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектінің халықаралық ұйымдар қызметіне ықпалын зерделеуге шақырып, жаһандық Ұйымды түбегейлі реформалау қажет екеніне тоқталды.

– Әлгіде айтқанымдай, өте өзекті халықаралық мәселелердің шешілуіне Қауіпсіздік Кеңесінің өзі кедергі келтіріп отыр. Бұл оғаш, бәлкім, ақылға сыймайтын жағдай. Адамдар, дипломаттар мен саясаткерлер басқа алаңдарда келіссөз жүргізуге мәжбүр. Айтпақшы, бұл проблеманы быттыр қыркүйек айында өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының кезекті сессиясында Президент Дональд Трамп дәл сипаттады. Мен онымен толық келісемін. Ол БҰҰ штаб-пәтеріндегі бұзылған телесуфлер мен

Жарғысына мұқият мән берген жөн. Жарғыда «дұшпан мемлекеттер» деген ұғым бар. Рас, 80 жыл бұрын бәрі түсінікті еді. Ал қазір әлгі «жау елдер» Ұйымды қаржыландыру және бейбітшілікті қолдау ісінде маңызды рөл атқарып отыр. Ең бастысы – БҰҰ-ның беделін көтеріп, тиімділігін арттыру, – деді ол.

Содан соң Қасым-Жомарт Тоқаев превентивті дипломатияның қақтығыстарды тоқтатуда өте өзекті екеніне мән берді.

– Бұл тақырып бұрыннан талқыланып келеді, кемінде 30 жыл болды. Бірақ өзгерген ештеңе жоқ. Жағдай ділмәр сөз, декларация күйінде қалып жатыр. Өңірлік және жаһандық шиеленістерді болжауға баса мән берген жөн деп ойлаймын. Превентивті дипломатия дегеніміз – осы. Сонымен қатар біз көпжақты тиімді дипломатияға қолдау көрсету үшін күш-жігерімізді біріктіру керек, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ өз жұмысында превентивті дипломатияға баса назар аудару керек деген пікіріне Солтүстік Македония Президенті Гордана Силянковска-Давкова қолдау білдірді.

– Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропа Одағы әу баста әлемде бейбітшілік орнату үшін құрылған. Дегенмен екі құрылым да соғыспен бетпе-бет келіп, сәтсіздікке ұшырады. Неліктен бұлай болды? Өйткені превентивті дипломатия жоқ. Тоқаев мырза превентивті және проактивті дипломатия жайында айтты. Саяси шешімдер қабылдауда бізге осындай оң үлгі жетпей тұр, – деді Солтүстік Македония Президенті.

Сондай-ақ панельдік пікірталасқа Грузия Премьер-министрі Ираклий Кобахидзе қатысты.

Антаклия дипломатиялық форумы – жыл сайын жоғары деңгейде өтетін халықаралық пікірталас алаңы. Іс-шара саяси көшбас-



эскалаторды сынға алып, «БҰҰ-да бәрі істен шыққан!» деді. Алайда ең маңызды мәселе Біріккен Ұлттар Ұйымында және басқа да халықаралық құрылымдарда бейбітшілікті сақтау үдерісі тоқырап тұр. Мен – көпжақты дипломатияның жақтаушысымын. Бейбітшілікке бастайтын әділдік идеясының төңірегіне топтасқан адамзаттың жарқын болашағына әлі де сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, БҰҰ-ға уақыт талабына сай келмейтін идеялар мен ұстанымдардан арылу қажет.

– Аталған Ұйымның негізі 80 жыл бұрын қаланды. Кейбір адамдар ұйым әбден ескірді, құлдырап бара жатыр деген пікір айтады. Келісуге тура келеді. Бізге БҰҰ

шылар, дипломаттар, сарапшылар, бизнес, медиа және азаматтық қоғам өкілдерінің басын қосады. Сонымен қатар форум екі-жақты және көпжақты байланыстарға, саяси консультациялар мен бейресми кездесулерге арналған тиімді платформа саналады.

Еске салар болсақ, «Антаклия дипломатиялық форумы» осымен бесінші мәрте ұйымдастырылып отыр. Халықаралық мәселелерді талқылайтын платформаның алғашқы отырыстарына сыртқы істер министрлері, аймақтық ұйым жетекшілері мен сарапшылар қатысып жүрсе, биыл 38 елдің басшысы мен үкімет жетекшісі, 40-тан астам мемлекеттің сыртқы істер министрі қатысып жатыр.

САЯСАТ

18 СӘУІР 2026 | СЕНБІ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАР мен КЕЛІСІМДЕР РАТИФИКАЦИЯЛАНДЫ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Іс-шарада күн тәртібіне шығарылған бірқатар заң қаралып, депутаттық сауалдар жарияланды.

Отырыс барысында депутаттар «Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шартты ратификациялау туралы» және «Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі арасындағы стратегиялық әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» заңдарды қарап, мақұлдады.

«Қазақстан халықаралық аренада көпвекторлы, сындарлы және белсенді саясат жүргізіп келеді. Бүгін мақұлданған заңдар елімізді бейбітсүйгіш әрі ашық мемлекет ретінде айқындайтын маңызды халықаралық құжаттар топтамасын толықтырып отыр. Атап айтқанда, бауырлас Тәжікстан елімен одақтастық байланысымыз жаңа сапалы деңгейге көтерілді. Сондай-ақ Біріккен Корольдікпен қатынастарымыз да стратегиялық сипатқа ие болды. Алдағы уақытта бұл құжаттар аталған елдермен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға тың серпін береді деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы одақтастық қатынастар туралы шартты ратификациялау саяси диалогты одан әрі дамытуға, қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы өзара іс-қимылды арттыруға және екі мемлекеттің орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Шарт қазіргі сын-қатерлерге бірлесіп қарсы тұруды, әскери-техникалық ынтымақтастықты дамыту арқылы өңірлік қауіпсіздікті нығайтуға көздейді. Сауда-экономикалық және кәсіпкерлік қызмет үшін қолайлы жағдайлар жасау да назарға алынған. Орталық Азия елдерінің мүдделер теңгерімі негізінде су ресурстарын тиімді пайдалану да басты басымдықтардың бірі болып қала береді.

Сонымен қатар отырыста аталып өткендей, «Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі арасындағы стратегиялық әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» заңда құқықтық ынтымақтастыққа, бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыруға және өзге де салаларға ерекше назар аударылған. Нақты айтқанда, британдық жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу, студенттер мен оқытушылар алмасуды кеңейту, экология, «жасыл» экономика және климаттың өзгеруіне бейімделу бағыттарындағы серіктестікті дамыту тетіктері көзделген.

Палата отырысында сенаторлар өздерінің депутаттық сауалдарын да жолдады.

Сүйіндік Алдашев «Қорғас» шекара маңы кластерінің жұмысындағы мәселелерге назар аударып, оларды шешуге арналған бірқатар бастама ұсынды. Бұл шаралар елдің транзиттік әлеуетін арттыруға және Қазақстанның өңірдегі негізгі логистикалық хаб ретіндегі позициясын нығайтуға бағытталған.

Амангелді Есбай көру қабілеті әлсіз балаларға арналған білім беру жүйесін бейімдеу мәселесін көтеріп, бірінші стандарттар енгізуді, мектептерді арнайы материалдармен және жабдықтармен қамтамасыз етуді ұсынды. Сондай-ақ ол көру жүктемесін бақылауды күшейту және тифлопедагогтар, психологтар, дефектологтар сияқты бейінді мамандар даярлау қажет екеніне тоқталды.

Бибігүл Жексенбай Үкіметті цифрлық қызметтер арқылы такси және жеткізу салаларында еңбек ететін жұмысшылардың құқықтарын қорғауды күшейтуге шақырды. Осы мақсатпен платформалық жұмыспен қамтуды құқықтық реттеудің жүйелі заңнамалық және әкімшілік шараларын енгізуді ұсынды.

ПАРЛАМЕНТТІК ДИПЛОМАТИЯ РӨЛІ АРТА БЕРМЕК

Түркияның Ыстамбұл қаласында Парламентаралық Одақтың 152-ші Ассамблеясы өтті. Жиынға әлемнің 155 елінен делегаттар қатысып, «Болашақ ұрпақ үшін үміт ұялату, бейбітшілікті нығайту және әділдікті қамтамасыз ету» тақырыбын талқылады. Қазақстан Парламенті делегациясын Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов бастап барды.

Жаһандық саммитте Мәжіліс Төрағасы сөз сөйледі. Палата Төрағасы қазір біз халықаралық құқықтың беделі әлсіреп, қалыңыстар шиеленіскен, экономикалық дағдарыстар белең алған күрделі де тұрақсыз әлемде өмір сүріп жатқанымызды алға тартты.

Ерлан Қошанов мұндай алмағайып кезеңде парламенттік дипломатияның рөлі арта түсетінін атап өтті. Парламентаралық диалог мемлекеттер арасындағы құрмет пен сенімді, ынтымақтастықты нығайтуға, халықаралық құқықтың мүлтіксіз қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан бүгінгі «Болашақ ұрпақ үшін үміт ұялату, бейбітшілікті нығайту және әділдікті қамтамасыз ету» тақырыбы бүкіл әлем парламентарийлеріне жолдаған үндеу екенін айтты.

— Қазақстан әрдайым Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын қатаң сақтауды, ашық әрі сындарлы диалогты, жанжалдардың бейбіт жолмен реттелуін қолдайды. Бұл — Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев дәйекті іске асырып келе жатқан еліміздің сыртқы саясатының іргелі қағидаттары. Біздің мемлекетіміз белсенді түрде бейбітшілік саясат ұстанып келеді. Астана мен Алматы бірнеше рет келіссөз алаңына айналғаны өздеріңізге мәлім. Еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымы миссиялары құрамында халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға зор үлес қосып отыр, — деді Мәжіліс Спикері.

Ерлан Қошанов Қазақстанның бітімгершілік контингенті Голан биігіндегі атысты тоқтату режимін сақтауға, жағдайды тұрақтандыруға үш жылдан бері атсалысып келе жатқанына назар аударды.

Мәжіліс Спикерінің айтуынша, бүгінде Орталық Азия өңірдегі үйлесімді және көпвекторлы дипломатияның үлгісін көрсетуде. Аймақтағы елдердің арасында шекара мәселесі толық реттеліп, гидро-энергетика, көлік, логистика салаларында ортақ ірі инфрақұрылымдық жобалар іске асып жатыр. Сол жұмыстың бәріне Қазақстан Парламенті тікелей атсалысуда.

Бұдан бөлек, Қазақстан Орнықты даму саласындағы күн тәртібінде тұрған мәселелердің бәрін сапалы орындауға тырысып келеді. Парламентте Орнықты даму мақсаттарының іске асырылуын бақылау жөніндегі арнаулы комиссия жұмыс істейді.

Сонымен бірге Қазақстан азық-түлік пен су қауіпсіздігіне, сондай-ақ климаттың өзгеруіне бейімделу жайттарына ерекше көңіл бөліп отыр. Келесі аптада Астанада Бірік-



кен Ұлттар Ұйымының қолдауымен Өңірлік экологиялық саммит өтеді. Бұл форумда су ресурстарын басқару, «жасыл» экономикаға көшу және өңірдегі тұрақтылықты нығайту жөніндегі практикалық шешімдер ұсынылады деп жоспарлануда.

Мәжіліс Төрағасы бүгінгі пікірталастың негізгі түйіні әділет ұғымы екеніне ерекше мән беріп, қазір бүкіл әлемде әділдікке деген сұраныс жоғары екенін атап өтті. Бұл ең алдымен, мемлекет пен қоғам арасындағы қатынастарға қатысты.

— Осы сұранысқа жауап ретінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Әділетті және Прогрессивті Қазақстан құруды өз мандатының басты мақсаты ретінде белгіледі. Бұл мақсатты іске асыру үшін елімізде ауқымды саяси реформалар қолға алынды. Тауада референдум арқылы жаңа Конституция қабылданып — мемлекеттік институттарға, Президент реформалары бағдарына деген сенімнің дәлелі. Ата заңның бүкіл мәтінінде адам мүддесі бірінші орынға қойылды. «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген қағидат Конституция деңгейінде айқындалды. «Күшті Президент, ықпалды Парламент және есеп беретін Үкімет» арасындағы теңгерім бекітілді. Осы реформалар аясында біз қос палаталы Парламенттен бір палаталы жүйеге көшеміз, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы әріптестеріне елдегі реформалармен бірге Қазақстан Парламенті қабылдаған заңдар туралы да айтып берді. Парламент жаһандық өзгерістерге сай Цифрлық кодекс пен Жасанды интеллект туралы арнаулы заң қабылдады. Бұл құжаттарда жасанды интеллектті пайдалану кезіндегі ашықтық, қауіпсіздік, жауапкершілік қағидаттары бекітілген. Ерлан Қошанов атап өткендей, заңды әзірлеу барысында технологиялық прогресс пен азаматтардың құқығын қорғау арасындағы теңгерім де барынша сақталды.

Жиын қорытындысы бойынша Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған әлемнің түкпір-түкпірінен келген Парламент спикерлерімен кездесіп, Ассамблея жұмысына белсене атсалысқаны үшін баршаға зор алғысын білдірді.

Жаһандық саммит аясында Мәжіліс Спикері шетелдік әріптестерімен екіжақты кездесулер өткізді.

Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Нуман Куртулмушпен кездесуде Ерлан Қошанов Парламентаралық Одақ Ассамблеясын өткізу арқылы Ыстамбұл өз тарихында төртінші рет әлемдік парламент-аризмнің жаһандық астанасына айналып отырғанын атап өтті.

Өңгімелесу барысында олар парламентаралық ынтымақтастықты дамыту мәселесін талқылады. Тараптар екі бауырлас елдің басшылары арасындағы мызғымас достық пен сыйластық баршаға үлгі екеніне назар аударып, көшбасшылардың уағдаластықтарын заңнамалық тұрғыда жүзеге асыратынын айтты.

Қос спикер партияаралық әріптестікке де көңіл бөліп, сауда-саттық, инвестиция, өнеркәсіп, көлік-логистика, туризм салаларындағы ықпалдастық жайын сөз етті.

Ал қырғыз әріптесімен кездесуде Ерлан Қошанов Марлен Маматалиевті Қырғыз Республикасының Жогорку Кенеш төрағасы лауазымына сайлануымен құттықтап, Қазақстан бауырлас елмен парламентаралық ықпалдастықты нығайтуға үлкен мән беретініне тоқталды.

Тараптар Парламентаралық ынтымақтастық кеңесі, достық тобы мен бейінді комитеттер аясындағы жұмысты ілгерілетуге келісіп, сауда-экономика, мәдениет, білім берумен қатар, шекара және көлік-транзит саласындағы іс-әрекетті кеңейту мәселелерін ортаға салды.

Сондай-ақ Мәжіліс Спикері әріптесіне елімізде іске асып жатқан Президент реформалары туралы мәлімет берді.

Вьетнам Социалистік Республикасы Ұлттық Жиналысының төрағасы Чан Тхань Манмен кездесуде Ерлан Қошанов Қазақстан бұл елмен ықпалдастықты барлық салада күшейтуге мүдделі екенін жеткізді. Соның ішінде парламентаралық ынтымақтастықты тереңдетуге айрықша көңіл бөлініп отыр.

Тараптар қазіргі күрделі кезеңде парламенттік дипломатияның әлеуетін барынша пайдалануға шақырып, 152-ші Ассамблея ашық әрі сындарлы диалог арнасында өткенін және ортақ мақсаттарға жол ашқанын атап өтті.

Сонымен қатар Мәжіліс Спикері форум аландарында Армения, Әзербайжан, Бахрейн, Біріккен Араб Әмірліктері, Грузия, Ресей, Түрікменстан, Тәжікстан, Өзбекстан парламенттері төрағаларымен парламентаралық диалогты тереңдету мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Сондай-ақ ТүркПА-ға мүше елдер парламенттері делегацияларының басшылары жұмыс кездесуін өткізді.

Қазақстан депутаттары негізгі сессиядан бөлек, орнықты даму, бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздік мәселелеріне арналған тұрақты комитеттердің отырыстарына қатысты.

Дайындаған А.СЕЙІЛ

БАҒДАР

18 СӘУІР 2026 | СЕНБІ



ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ЗАҢ ЖОБАСЫ ҚАРАЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен бюро отырысында алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.

Бірінші оқылымда «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңға түзетулер енгізу жөніндегі заң жобасын қарау ұсынылады. Құжатты Парламент депутаттары мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару жүйесін құқықтық реттеуді жетілдіру, жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге азаматтардың қатысу деңгейін арттыру, сондай-ақ мәслихаттар мен әкімдіктер қызметінің есептілігі мен ашықтығын күшейту мақсатымен әзірледі.

Сонымен бірге депутаттардың талқылауына 2025 жылғы 29 мамырда Астанада қол қойылған Қазақстан мен Оман Сұлтанатының үкіметтері арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім және оның Хаттамасы енгізіледі. Құжаттар салық төлеуден жалтаруға қарсы іс-әрекет бөлігінде халықаралық стандарт-

тарды сақтауға және екі елдің құзыретті органдары арасында тиімді ақпарат алмасуды қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұдан бөлек, депутаттар 2024 жылғы 26 желтоқсанда Санкт-Петербургте қол қойылған Еуразиялық экономикалық одақтың және үшінші тараптың (үшінші тараптардың) кедендік транзитінің бірыңғай жүйесі туралы келісімді қарайды. Құжат ЕАЭО мен үшінші елдердің кедендік шекаралары арқылы тауар тасымалдау кезінде қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін бірыңғай транзиттік жүйені қалыптастыруды көздейді.

Жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы бойынша Мәжіліс «Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы экономикалық әріптестік туралы келісімді ратификациялау туралы» жана заң жобасын да жұмысқа қабылдайды.

АШЫҚ ДИАЛОГ – СЕНІМДІ ҚАДАМ

«AMANAT» партиясының Хатшысы Александр Данилов Алматы қаласындағы бастауыш партия ұйымдарының төрағаларымен кездесті. Іс-шара партия қызметін жетілдіру және халықпен өзара іс-қимылды күшейту мәселелеріне арналды. Талқылау жұмысына Алматы қалалық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Қуаныш Төлепов, аудандық филиалдардың қызметкерлері және БПҰ белсенділері қатысты.



Александр Данилов өзара ашық диалог партияның өзіне сенімді болуына және азаматтардың сұраныстарына тиімді жауап беруге мүмкіндік беретінін атап өтті.

«Бізге осындай өзара диалог қажет. Бүгінде партия өзін сенімді сезінеді: шынымен де, ауқымды жұмыс атқарылды және біз дұрыс бағытта жұмыс істеп келеміз. Партияның өзегі – өздеріңіз. Ең алдымен, осыны ұғынған жөн. Бізде хатшылар мен басшылар деген бөлініс жоқ. Бәріміз – партияласпыз. «AMANAT»-тың тұтас мемлекетті дамытуға қатысты толыққанды кешенді көзқарасы бар. Біз алдағы уақытта да барлық бағыт бойынша жұмысымызды жандандыра береміз», – деді Александр Данилов.

Партия Хатшысы Халықтық Конституция бойынша өткізілген референдум

аясындағы үгіт-насихат жұмысына қатысқан азаматтарға алғыс айтып, науқан нәтижесін айқын көрсеткіш деп атады. Оның айтуынша, Мемлекет басшысының қоғамдық тірегі әрі коалицияның өзегі бола отырып, белсенділер мен бейжай қарамайтын азаматтар арқылы партия жоғары нәтижеге қол жеткізді.

Кездесу барысында БПҰ өкілдері бір-қатар өзекті ұсынысын ортаға салды. Атап айтқанда, «Жоғары білім» БПҰ төрағасы Болатбек Нұрбатыров, «Түркісіб 28» БПҰ төрағасы Фарид Омарбекова, «Орталық филиал» БПҰ төрағасы Бақытқұл Иргембаева, KazComfort БПҰ төрағасы Махамбет Асабаев, сондай-ақ «Саялы» БПҰ төрағасы Гүлжан Бекенова тың бастамаларымен бөлісті.

«ТАЗА БЕЙСЕНБІ»: ТАЗАЛЫҚ – ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында елімізде «AMANAT» партиясының «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы өткізілуде. Бұл акция азаматтар арасында экологиялық мәдениетті нығайтуға және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға бағытталып отыр.

Мәселен, Алматы қаласында «AMANAT» партиясы Алатау аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Шапағат» ықшамауданында орналасқан «1941-1945 жылдары Отан үшін шайқасқандар ерлігі – мәңгі есте» ескерткіші маңында абаттандыру және тазалық жұмысы жүргізілді. Іс-шара «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы шеңберінде қолға алынып, тарихи мұраларға құрметпен қарау, туған жерге жанашырлық таныту және қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыру ісіне баса назар аударылды. Оның барысында қатысушылар ескерткіш аумағын коқыстан тазартып, айналасын ретке келтіріп, гүл егіп, көркейту жұмысын жүргізді. Мұндай игі істер қала экологиясын жақсартып қана қоймай, тұрғындарды ортақ жауапкершілікке үндейді.

Іс-шараға Алматы қаласы мәслихатының депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Гүлжан Бекенова және Саяси кеңес бюросының мүшесі Лияс Омаров қатысып, «Жастар Рухы» жастар қанатының өкілдерімен бірге тазалық жұмысына белсенді атсалысты. Іс-шара соңында «Кел, шай ішейік» акциясы аясында қатысушыларға шай мен тәтті тағамдар ұсынылып, жылы жүздесу ұйымдастырылды.

Ал Алматы облысында Іле өзенінің бойындағы «Көшпенділер қаласы» мен «Таңбалы тас» шатқалының маңы коқыстан тазартылып, жартастарға жазылған бейберекет жазулар өшірілді. Акцияға 150-ге жуық адам қатысты. Олардың қатарында партия мүшелері, «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері, волонтерлер мен жергілікті тұрғындар бар. Нәтижесінде, 9 тоннадан астам коқыс жиналып, арнайы полигонға шығарылды.

«Іле бойы – өңірдің табиғи ажарын айқындап тұрған, көпшілік жиі келетін ерекше мекен. Алайда демалушылар саны артқан сайын бұл аумақта коқыс көлемі де көбейіп, жартастарға бейберекет жазу қалдыру сынды келенсіз әрекеттер белең алып отыр. Былтыр осы аумақта жүргізілген тазалық жұмысы кезінде 30 тоннадан астам коқыс шығарылған еді. Биыл да мәселенің әлі күнге дейін өзекті күйінде қалып отырғанын көріп отырмыз. Сондықтан бұл акцияның басты мәні аумақты тазалаумен ғана шектелмейді. Ең маңыздысы – азаматтардың санасына тазалық мәдениетін сіңіріп, туған жерге деген жауапкершілікті күшейту», – деді «AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Серік Нұрқадыров.



«Жастар Рухы» жастар қанаты Алматы облыстық филиалының төрағасы Әділет Айтқазының айтуынша, аумақтың ахуалы алаңдатарлық жағдайда.

«Өзен жағасында пластик бөтелкелер, тамақ қалдықтары, ормалар, шыны сынықтары мен тұрмыстық коқыс үйіліп қалыпты. Бұған қоса, «Таңбалы тас» шатқалы маңындағы жартастарда демалушылар қалдырған түрлі жазу да көбейген. Табиғи ландшафт пен тарихи орынның көркін бұзатын мұндай көріністер бұл аумақтағы экологиялық мәдениет мәселесінің әлі де өзекті екенін көрсетіп отыр», – деді ол.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, Іле бойындағы тазалық мәселесін тек қоғамдық белсенділердің күшімен шешу мүмкін емес. Бұл үшін туристік аймақтарда санитарлық инфрақұрылымды кү-

шейтіп, коқыс контейнерлерінің санын арттыру, бейнебақылау жүйесін орнату қажет.

Абай облысы Бородулиха ауданындағы 1,2 шақырым учаскеде санитарлық тазалық және абаттандыру жұмысы жүргізілді. Акцияға партия мүшелері, мәслихат депутаттары, мемлекеттік қызметшілер, студенттер және жергілікті тұрғындар қатысып, ортақ іске белсенді атсалысты. Қатысушылар жол жиегіндегі, қоғамдық аумақтардағы тұрмыстық қалдықтарды жинап, қоршаған ортаның тазалығын сақтауға өз үлесін қосты. Нәтижесінде 2,5 тоннаға жуық коқыс жиналып, арнайы техника көмегімен белгіленген орындарға шығарылды.

Бородулиха аудандық мәслихатының депутаты, «AMANAT» пар-

тиясының мүшесі Виктория Мокроусованың айтуынша, «Таза бейсенбі» акциясы – бұл жай ғана тазалық іс-шарасы емес, тұрғындарды ортақ іске жұмылдыратын маңызды бастама.

«Бүгін біз аудан аумағын ретке келтіріп қана қоймай, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыруға үлес қосып отырмыз. Мұндай акциялар елді мекендердің көркеюіне оң әсерін тигізіп, тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру ісінде маңызды рөл атқарады. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жалғасын табады», – деді ол.

Бородулиха ауылының тұрғыны Еркежан Маутқанованың пікірінше, аталған іс-шара тек тазалық жұмысымен шектелмей, тұрғындарды ортақ іске жұмылдырады. «Ауылда осындай тазалық іс-шаралары тұрақты түрде өткізіліп жатқаны қуантады. Оның нәтижесі де бірден байқалады. Таза, жинақы ортада өмір сүру – әр тұрғын үшін аса маңызды», – деді ол.

Павлодар облысы Ақтоғай ауданында «Жастар Рухы» жастар қанатының өкілдері мен еріктілері жалғыз тұрып жатқан қариялардың үй аумағын абаттандырды. Акцияға қатысушылар тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған кешенді шаруашылық жұмыстарын қолға алды. Атап айтқанда, олар құл-коқыс, отын жинап, аулаларды тазалады. Осылайша, жалғыз тұрып жатқан 5 қарияға қолдау көрсетіліп, игі іс-шараға барлығы 20 адам қатысты.

МӘСЕЛЕ

18 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Кейінгі оқиғаға орай өрт қауіпсіздігі мәселесі күн тәртібіне қайта шықты. Елордадағы биік үйдің біріндегі қайғылы оқиға ескі жараны қайта тырнады. Үш бірдей бүлдіршіннің өмірін қиған өрт – тек кездейсоқ апат емес, қоғамдық жауапсыздық пен заңдық қайшылықтың ащы жемісі ме? Өрт сөндіру көлігі үлкен қалаларда биік тұрғын үйлерге жылдам жолай алмайды: аулалар үлкен дуалмен қоршалған, есіктері темір қақпалармен жабылған. Одан қалды, өту жолдарында бірнеше қатар көлік қойылады. Содан жұртшылықтың пікірі «адамды құтқару үшін өзгенің мүлкін қиратуға бола ма?» деген сауалдың төңірегінде екіге жарылды.



ТІЛСІЗ ЖАҒАУ және ТЕМІР ҚҰРСАУ: МҮЛІК АДАМ ӨМІРІНЕН ҚЫМБАТ ПА?

А Айхан ШӘРІП

ТАРАН ЖАСАУ –
ТАЛАП ПА, ТӘУЕКЕЛ МЕ?

12 сәуірге қараған түні елорданың Есіл ауданындағы Түркістан көшесінде орналасқан 21 қабатты тұрғын үйдің 15-қабатындағы пәтерден өрт шықты. 20 адам эвакуацияланды, бірақ пәтер ішінен көмелетке толмаған үш баланың мәйіті табылды. Бір әйел дене күйігімен ауруханаға жатқызылды. Елордалық Денсаулық сақтау басқармасы ол әйелдің жағдайы әлі де ауыр екенін хабарлады.

Астана қалалық Полиция департаментінің баспасөз қызметі өрт кезінде балалар мүрдесінің табылу фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалғанын мәлімдеді. ТЖД өкілдері болса, пәтердің екі құлпы бар темір есікпен жабылғанын, оны құтқарушылар арнайы құралдардың көмегімен эзер ашқанын жеткізді.

Үш бала қаза тапқан сұмдық өрттен кейін Мәжіліс депутаты Олжас Құспеков өрт сөндіру көліктеріне алдан кездескен шлагбаумдар мен автомобильдерді соғып өтуге рұқсат беруді ұсынды. Ол Үкіметке өрт қауіпсіздігі шараларын тез арада күшейту және шұғыл қызметтердің кедергісіз өтуін қамтамасыз ету туралы ұсыныспен жүгінді.

Жабық өткелдер, ретсіз тұрақтар, істен шыққан гидранттар, өртке қарсы жабдықтардың жоқтығы және меншік иелері мен басқарушы ұйымдар тарапынан жүргізілетін үстірт бақылау адам өміріне тікелей қауіп төндіреді. ТЖМ мәліметінше, 2025 жылы шұғыл қызметтер өртке және авариялық-құтқару жұмыстарына 93 мыңнан астам рет шыққан. Барлық өрттің шамамен 62%-ы тұрғын үй секторына тиесілі, – деді О.Құспеков.

Осыған байланысты бір топ депутат мынаны ұсынды: біріншіден, үйлердің жанында шұғыл қызметтердің өтуіне арналған арнайы дәліздер (Fire Lane баламасы) енгізілуі керек. Екіншіден, адамдарды құтқаруға тосқауыл болса, құтқарушыларға кедергілерді, соның ішінде шлагбаумдарды бұзып алып тастауға, тіпті көліктерді зақымдауға рұқсат беру ұсынылды. Үшіншіден, ғимараттардың өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды күшейту, цифрлық бақылауды енгізу және түгін датчиктерін хабарландыру жүйелеріне қосу қажет.

Өз кезегінде ТЖМ Астанадағы өртеніп жатқан үйдің жанында бөгет болған көліктерді өрт сөндірушілердің нәліктен соғып өтпегенін түсіндірді. Өйткені ақпарат құралдары жазғандай, олардың иесі табылып, өздері алып тастағанын күтуге біраз кідірген көрінеді.

ТЖМ Өртке қарсы қызмет комитеті басқармасының бастығы Әйгерім Райымқұлова құтқарушылардың бұлай жасауға құқығы жоқ екенін түсіндірді. Азаматтық қорғау туралы заңға сәйкес, олар аумаққа кіріп, өртенген ғимарат конструкцияларын бұза алады, бірақ жолай көлікті соғып өтуге құқығы жоқ. Сокса, өтемақы төлеуге мәжбүр болар еді.

– Қылмыстық кодекстің «Аса қажеттілік» деп аталатын 34-бабы бар. Оған сәйкес, адамдардың өмірі мен денсаулығына, құқықтарына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін жекеменшіктегі мүлікке зиян келтіру қылмыстық құқықбұзушылыққа жатпайды. Бірақ бұл бап мына жағдайда жарамалы. «Аса қажеттілік» туындағанда, біз тиісті қызметтерді тартып, кедергіні бәрібір жоятын едік. Өрт сөндіру сатысы жақындап келгенде өрт сөндірушілер пәтердің есігін ашып қойған-тын. Ары қарайғы бағаны тергеу береді, – деді Ә.Райымқұлова.

Оның айтуынша, биік ғимараттарға өрмелеуге арналған өрт сөндіру автосатысының біреуінің құны 1 миллиард теңгеге дейін барады. Мұндай қымбат техниканы көліктерді соғу үшін пайдалануға болмайды, ол қиратуға емес, адам өмірін құтқаруға арналған. Басқарма басшысы жолдың бос болуына тұрғындардың өздері де жауапты әрі мүдделі болуға тиістігін нақтыады. Өту жолын көлікке толтырып тастаса, шұғыл қызметтердің және көмектің уақытылы жетпейтінін тұрғындар түсінгені маңызды.

ЗАҢ ӨРПІ ЖӘНЕ ЖАН ЗАРЫ

Бұған қатысты Төтенше жағдайлар министрлігі де ресми түсініктеме таратты: «Өртенген үйдің пандусына кіреберісте тұрған жеңіл автомобиль тек биіктік техникасының (автосаты) аула ішіне кіруіне бөгет болды, алайда өрт сөндірушілердің негізгі іс-қимылдарына кедергі келтірген жоқ», – деп мәлімдеді ТЖМ баспасөз қызметі.

Астана қалалық ТЖД бастығының орынбасары Өміржан Тұқышев өрт сөндірушілер 20 минутқа кешікті деген ақпаратты теріске шығарды: «Бөлімшелер келген бойда бірден балаларды құтқаруға және өртті сөндіруге кірісті. Ол үшін тұрғын үйдің сатысы пайдаланылды. Екі бөлімше баспалдақпен жоғары көтеріліп, есікті бұзып ашты және құтқару жұмыстарын бастады. Алдымен әйел адам құтқарылды, содан кейін сөндіруге көшті. 20 минуттық кідірісті ресми түрде жоққа шығарамыз», – деп атап өтті Ө.Тұқышев.

Райымқұлова бір жайтқа назар аударды. Бейнежазбаның бірінде автосаты орнатылып жатқанда, терезеден жалын тілі шығып жатқаны байқалады. Бұл өрт туралы хабар әлдеқайда кеш түскенін білдіреді.

Қонырау шалғанға дейін оттың қанша уақыт жанғаны әзірге белгісіз. Қою түгін ішінде адам небәрі 10 минутта қаза болуы мүмкін. Ең алдымен кішкентай балалар тұншығады.

ТЖМ түсіндіруінше, өрт сөндіру кезінде заңды әрекет еткен өрт сөндірушілер келтірілген зиянды өтеуден босатылады. Бұл заң нормасы «аса қажеттілік» жағдайында жабық есік-терезені, шатырды, сондай-ақ қоршау конструкцияларын бұзуға мүмкіндік береді.

«Азаматтардың автомобилін соғуға мүмкіндік беретін норма заңда қарастырылмаған. Жеке меншік Ата заңмен қорғалады. Және автомобильді ірі габаритті өрт сөндіру техникасымен соғу жолдың босатылуына кепілдік бермейді. Мұның салдары қосымша шығын мен тәуекелге соқтыруы мүмкін. Тәжірибе көрсеткендей, бұған қатысты сот процестері ұзаққа созылады әрі құтқарушылардың іс-әрекетінің заңдылығы дәлелденетініне еш кепілдік бермейді», – деді ТЖМ.

Мінистрлік құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл алгоритмі жолға қойылғанын қаперге салды: полиция өрт сөндірушілермен бірге шақыртуларға шығады және жолға кедергі келтіретін автомобильдерді эвакуациялауды қамтамасыз етеді. ТЖМ өрт сөндіру техникасымен жолай кездескен көлік құралдарын соғуды заңдастыруға үзілді-кесілді қарсы: мұндай таран жасауды ақтайтын объективті және әмбебап критерийлер жоқ.

Ведомство мұндай норманы заңмен бекіту жанжалдың көбеюіне, бюджетке түсетін қаржылық жүктемеге, өрт сөндіру машиналары жүргізушілерінің тегіс жазалануына және жағымсыз қоғамдық резонансқа алғышарттар жасайды деп қауіптенеді. Мысалы, «бір отбасыны асырап отырған жалғыз көлікті жапырып кетті!» деп шулатуы мүмкін. Яғни, ТЖМ өрт сөндірушілер тілсіз жаумен арпалысу орнына сот дауларымен күресуден бас көтере алмай қалады деп қауіптенеді. Темірді темірмен соғу – мәселенің шешімі емес, жана даудың басы. Қоғам мен мемлекет өртті сөндіруден бұрын, өртті ушықтыратын салғырттық пен тоғышарлықты жөнуі керек. Түсіндіру жұмыстары «Заң мен тәртіптің» ажырамас бөлігіне айналса құп.

Ведомство көпқабатты үйде өрт болған кездегі іс-қимыл алгоритмін елдің есіне салды. Кіреберісте тым қою түгін тұрса,

пәтерге қайта оралып, терезе арқылы құтқаруды күту керек. Түгін аз болса, онда бетті суланған, дымқыл матамен жауып, тік емес, еңкейе жүріп, тек сатымен төмен түсіп, сыртқа шығу керек. Лифтіге мінуге болмайды, ол кез келген мезетте сынып, тоқтап қалуы мүмкін.

САНАДАҒЫ СЕЛҚОСТЫҚТЫ ДАТЧИК АНЫҚТАМАЙДЫ

Қалай болғанда, елде өрши бастаған өрт оқиғалары қосымша шешімдер қабылдауды талап етеді. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Ұласбек Сәдібековтің пікірінше, өрттің алдын алу шаралары әлі де белсенді түрде ұйымдасқан жұмысты қажет етіп отыр. Елде бірнеше ауыр өрт тіркелді. Алматы облысындағы тұрғын үйлердің бірінде газ баллоны жарылып, 50 азамат үйсіз қалды. Түркістан облысының Жетісай ауданындағы Алғабас ауылында екі қабатты жеке тұрғын үйден шыққан өрт салдарынан 12 адам, оның ішінде 9 бала қаза тапты.

– Бір ғана Түркістан облысында 2025 жылы 390 өрт тіркеліп, 18 адам қаза тапты, 13 адам жаракаттанды. Бұл жағдай елдегі өрт қауіпсіздігі жүйесінің әлсіздігін, сондай-ақ тұрғын үйлерде қарапайым қауіпсіздік құрылғыларының жеткіліксіздігін көрсетті. Сол себепті Қазақстандағы әрбір жеке және көпқабатты тұрғын үйге өрт дабылдатқыштары, түгін және газ датчиктерін орнату қажет. Тұрғын үйлерді пайдалануға бергенде, сондай-ақ жыл сайынғы тексерістерде өрт қауіпсіздігі құрылғыларының болуын талап ету қажет, – деді депутат.

Бұл мәселеге Үкімет басшысының бірінші орынбасары Роман Скляр үн қатты. Ол құрылыс нормаларына сәйкес, қабаттылығына қарамастан жобаланатын көп-пәтерлі тұрғын үйдің бәрі автоматты өрт сигналдау жүйелерімен жабдықталуға тиістігін еске салды. Өрт қауіпсіздігі қағидаларында жеке тұрғын үйлердің тұрғын үй-жайларын автономды түгін-өрт хабарлағыштарымен жабдықтау көзделген.

– Жыл сайын жылу беру маусымында көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың, зейнеткерлердің, мүгедектердің тұрғын үйлерінде газ бен түгіннің қауіпті концентрациясын анықтау датчиктерін орнату жұмысы жүргізіледі. 2025 жылы ТЖМ, әкімдіктер, үкіметтік емес және волонтерлік ұйымдар әлеуметтік осал азаматтардың үйлерінде 43 мыңнан астам өрт датчигін орнатты. 2019 жылдан бері барлығы 301 мыңнан астам датчик қойылды. Олар 66 рет іске қосылып, 281 адамды аман алып қалды, – деді Р.Скляр.

Осының алдында бір топ депутат ауылдағы өртке қарсы қызметтердің материалдық-техникалық базасын жаңғыртуды сұраған еді. Бірінші вице-премьердің хабарлауынша, елдің өртке қарсы қорғауын 446 өрт сөндіру бөлімшесі жүзеге асырады: қалада – 209, ауылда – 237. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ ауылдық елді мекендердің өрт қауіпсіздігін күшейту үшін ТЖМ «Ауыл құтқарушылары» ведомстволық жоспарын бекітті. Оған сәйкес, 2025 жылы әкімдіктер жалпы саны 512 мың адам тұратын 430 елді мекенді қорғау үшін жана 152 өрт сөндіру бекетін құрды.

ТЖМ жуырда 2026 жылға арналған елді мекендерінде өрт сөндіру бекеттерін құру және жаңғырту жоспарын бекітті. Ол тағы 550 өрт сөндіру бекетін құруға және жалпы 1 млн адам өмір сүретін 1 037 ауылдық елді мекенді өртке қарсы қорғаумен қамтуға бағытталған.

Датчик – дабыл, сақтық – амал! Мемлекет мың жерден датчик орнатқанымен, әр шаңырақ өз қауіпсіздігін бейжай қараса, темір мен технологияның қауқары шамалы. Тілсіз жаумен күресте жауапкершілікті қатайту маңызды, бірақ сананы өзгерту одан да маңыздырақ. Өрт сөндіру көлігіне жол бермеу – тек мәдениетсіздік емес, жанама қылмыс. Біз бүгін «өрт сөндіруші көлікті соғып өтсін бе?» деп таласып жатырмыз, ал негізгі мәселе – сол көліктің сол жерде тұрақтамауында еді.

ӨЗЕКТІ

18 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Қазақта «су тегін» дейтін сөз бар. Бір нәрсенің ағыл-тегіл көптігін, көк тиындық құны жоқ арзандығын айтқанда осы тіркес ойға оралады. Бірақ қазіргі заманда кәдімгі қара суымыз баға жетпес байлыққа айналған. Жаһанда жан саны еселеп артып, тұщы су қоры, керісінше, азайып барады. Сарқыла бастаған стратегиялық қазынаға Қазақстан да қатты мұқтаж.

А Еркебұлан НҮРЕКЕШ

Күні кеше Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысының Су ресурстары жөніндегі арнаулы өкілі Ретно Марсудиді қабылдады. Кездесуде Мемлекет басшысы Халықаралық су ұйымын құру туралы бастамасын тағы бір көтеріп, бұл мәселенің мән-маңызына ерекше тоқталды. Өйткені Президенттің пікірінше, 2040 жылға қарай еліміздегі су тапшылығы 15 млрд текше метрге жетуі мүмкін. Жай ғана жалаң цифр сияқты көрінбесін, ауқымын аңғарту үшін бірнеше мысал келтірейік. 15 млрд текше метр дегеніміз – Бұқтырма су қоймасының жартысына тең немесе Балқаш көлінің 15 пайызына парапар. Қазақстан бүгінде бүкіл салаға (ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, ауызсу) 25 млрд текше метр су жұмсайды. Егер жылына 15 млрд текше метр тапшылыққа ұрынсақ, тұтынып отырған суымызды екі есе қысқартуға мәжбүр болады екенбіз. Бұдан да қарабайыр есеп: бір кісі күніне екі литр су ішсе, 15 млрд текше метр әлем халқын екі жарым жыл бойы ауызсумен қамтуға жетер еді. Мұншама көл-көсір көлемді көзге елестетудің өзі қорқынышты!

БҰҰ баяндамасында 2050 жылы бес миллиардқа жуық адам су ресурстары шектеулі аймақтарда өмір сүреді делінген. Дәл сол кезеңде су тапшылығы кесірінен Қазақстанның жалпы ішкі өнімі алты пайызға дейін төмендеуі ықтимал. Себебі сусыз тіршілік сөзсіз тығырыққа тіреледі.

ӨЗЕН БОЙЫНДАҒЫ ӨРКЕНИЕТТЕР

Тарихқа көз жүгіртсек, өркениет атаулының дені ірі өзендердің бойында қалыптасқанын байқаймыз. Мәселен, Шумер, Аккад, Вавилон сияқты ең ежелгі мемлекеттер Тигр мен Евфрат аралығында құрылды. Алғашқы сына жазуы, заңдар жинағы да Қосөзен алқабында дүниеге келді. Нил өзенінің аңғарында Египет пирамидалары бой көтерді. Инд пен Ганг өзендерінен Үнді өркениеті тамыр тартса, Қытай өркениетінің өзегі Хуанхэ мен Янцзыға байланды. Ұлы өзендердің арқасында егін бітік шығып, су жолдары арқылы сауда-саттық өркендеді. Мыңдаған шақырым каналдар қазылып, алып бөгеттер салынды. Мұндай үлкен жұмыстарды жүзеге асыру үшін шағын тайпалар көршілерімен тізе қосып, бірлесіп қимылдауды үйренді. Сөйтіп, жалпыға ортақ мақсат адамдарды бір ұлт, бір мемлекет етіп ұйыстырды. Ғалымдар



осы бір қызық құбылысты «өзен өркениеттері» деп атайды. Бұл үрдіс Орталық Азияны да айналып өткен жоқ: Әмудария мен Сырдария маңында Отырар, Сауран, Сығанақ секілді отырықшы мәдениет ошақтары гүлденді. Әрине, өркениеттердің құрылуына септескен су арналары олардың күйреуіне де себеп болған. Мысалы, перғауындар мыңдаған жыл билеген Мысыр империясы мен Америка құрлығындағы Майя мәдениеті ұзаққа созылған қуаныштылық салдарынан жойылып, тарих шаңына көмілген деседі.


ТОЗҒАН ЖҮЙЕ, ТӨГЛІГЕН СУ

Қасым-Жомарт Тоқаев бір сөзінде: «Сырттан келетін су азайып барады. Сол судың өзін тиімсіз

бұл жобалар проблеманы толық шеше алмады. Оларды жүзеге асыру барысында алдын ала зерттеу, ғалымдарды тарту, техникалық негіздемедрді әзірлеу, қоғамдық мониторинг жүргізу жұмыстары ескерілмеді дейді мамандар.

Үкіметтің бұл саладағы бытыраңқы басқару жүйесін реттеу мақсатында 2023 жылы Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды. Жаңартылған Су кодексі қабылданды. Аталмыш ведомство Президент тапсырмасымен су ресурстарының бірыңғай цифрлық платформасын жасауға кірісті. Платформада жасанды интеллект негізінде жерүсті және

орындары суды ысырап қылумен шектелмей, өзен-көлдерге зиянды қалдығын тастап, қоршаған ортаны ластап жатыр. Қалтасы қалың компаниялар экологиялық заң нормаларын сақтауға құлықсыз; алда-жалда қоғам белсенділері дабыл қағып, оларды жауапқа тартуды талап етсе, ең мықты деген заңгерлерін жұмылдырып жібереді. Заңнаманы қатаңдату керек деп бастама көтергендерге айдап салатын лоббистері де баршылық. Яғни, суды үнемдеу дегеніміз – үйдегі кранды жабу ғана емес, ең алдымен ірі бизнеске заң талаптарын орындату және судың әр тамшысына нақты баға белгілеу.



пайдалану жағдайды одан әрі ұшықтырып отыр», – деп мәлімдеген. Ресми дерек бойынша, Қазақстанда судың шамамен 60 пайызы ауыл шаруашылығында қолданылады. «Осы 60 пайыздың 40 пайызы құмға сіңіп жатыр», – дейді Президент. Технологиядағы мешеулігіміз сонша, дамыған әлем тамшылатып суару мен ақылды датчиктерге ауысқан дәуірде біз әлі күнге арықпен су айдап, атам заманғы әдісті місе тұтып келеміз. Инфрақұрылым әбден тозғандықтан, арықтағы су егістікке түгел жетпей, далаға кетеді. Кеңестік кезеңнен қалған су шаруашылығы нысандарының 70 пайызы жарты ғасыр жөндеу көрмеген. Құзырлы органдарда су ресурстарының қолжетімді көлемі туралы нақты мәлімет жоқтын-қасы. Кәсіби кадрларды оқытып, су дипломатиясымен айналысатын мамандарды дайындау жағы да ақсап тұр. Рас, түк істелмеді деп ауызды қу шөппен сұртуден аулақпыз. Соңғы 20 жылда «Ауыз су», «Ақ бұлақ», «Нұрлы жол» тәрізді көптеген мемлекеттік бағдарлама қолға алынды. Бірақ



жерасты сулары жайында мәлімет жинақтау көзделген. Әйтсе де, жаңа технологияға проблеманың шешімі деп емес, проблеманы шешу жолындағы құрал деп қана қарауымыз керек. Цифрландырудың әдістемелік базасы қаланбаса, технология тілін түсінетін білікті мамандар болмаса, ең озық жүйенің өзі ешқандай пайда әкелмейді.

ТҰТЫНУДАҒЫ ТЕНСІЗДІК

Worldometers ақпаратына сенсек, Қазақстан жан басына шаққанда суды тұтынудан әлемде 11-орынға орнығыпты. Республикадағы тәулік нормасы – 3,5 мың литр. Ресейде – бір адамға 1,3 мың литр, Германияда – 855 литр, Ұлыбританияда – небәрі 348 литр дейді. Бұдан шығатын қорытынды: қалайда суды үнемдеу қажет. Дегенмен халыққа су үнемдеуді үйретеміз деп жүріп ең үлкен тұтынушылар туралы үндемей қалуға болмайды. Индустриялық алпауыттар миллиардтаған текше метр жерасты суын арзан тарифпен есепсіз пайдаланады. Өндіріс

ғыстау облыстарында – 6,8 пайыз. 4,5 мың жерасты суының кен орны мемлекеттік баланса алынған. Халық тұтынатын ауызсудың 48 пайызын жер астынан алсақ та, жерасты суларының экономикадағы үлесі 7-10 пайыздан аспайды.

Жерасты суы жер бетіндегі сумен тығыз байланысты. Жаратылыс заңы бойынша екеуі бір арнадан бастау алады. Ертеректе Алматыға ауызсу тартамыз деп Құлжа тасжолының астынан ұңғыма қазылып, жерасты суы шығарылып еді. Содан жарты жылдан соң-ақ Есік пен Талғар өзендерінің деңгейі төмендеп кетті. Сондықтан бүгін жерасты суын өлшеусіз пайдалана берсек, ертең жер бетіндегі өзен-көлдермен жылап көрісеміз деп сақтандырады кей сарапшылар. 2012 жылы геология-минералогия ғылымдарының докторы, академик Әбдіғаппар Жәкелов: «Жерасты суын пайдалану тәсілдері ескірген, құрал-жабдықтар да жылдан-жылға тозып барады» деп бір ашы шындықтың бетін ашқан. Одан бері тура бір мүшел уақыт өтіпті. 12 жылда не жанарып, не жаңғырды деген сауалдың жауабы әзірше бұлыңғырлау.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ТАЛАС

Қазақстан тұтынатын тұщы судың 40 пайызы трансшекаралық өзендерге тиесілі десек, біз осынша мөлшерде өзгелерге кіріптармыз. Ертіс, Іле, Сырдария, Жайық, Тобыл, Есіл, Шу т.б. өзендер өзгеше шекара сыртынан ағып келеді.

Ғалымдар күллі дүниежүзінде Орталық Азиядағыдай күрделі су жүйесі жоқ дейді. Сырдария бойындағы халықтың тіршілік көзі осы суармалы жерден алынатын өнімге тәуелді. Аймақтағы миллиондаған адамның өмірі Сырдың суына қарап тұр.

«Бұлақ басында» отырған Қырғызстан мен Тәжікстан бұл артықшылығын саяси-экономикалық шантаж ретінде қолдана алады. Әсіресе, айыр қалпақты ағайын өзенді біресе буып тастайды, біресе ағыта салады. 2010 жылы Қазақстан кеден бекеттерін жапқанда қырғыз тарабы Киров су қоймасын тарс бекітіп, қарымта қайтарғаны есімізде.

Ал шығыста Қытай билігі Шыңжаңда халық санын 27 млн-нан 100 млн-ға арттырмақ деген әңгіме жиі айтылады. Сол кезде сонша халыққа, сонша халықты асырайтын өндіріске мол су керек болады. Шыңжаңдағы негізгі су ресурсы – Іле мен Ертіс өзендері, ендеше мұның зардабын етектегі Қазақстан шегетіні анық. ҚХР 1992 жылғы Хельсинки келісіміне қосылмаған, сондықтан суды өз қажетіне қанша пайдаланса да, ешкіммен санаспауға қажылы. Осы ретте Қазақстан су ресурстарын бөлісу жөнінде Қытаймен келіссөз жүргізе алған жалғыз ел екенін атап өтуге тиісіз.

Батыстағы Жайықтың жайы да жан ауыртады. XVIII ғасырда Әбілқайыр хан орыс ұлықтарына жазған хатында: «Жайық өзені кеуіп қалғанда, тіпті ақыр заман келгенше, қазақ халқы бұл жерден ешқашан айырылмайды», – депті. Қайран бабамыз жайық дарианың көп ұзамай суала бастайтынын қайдан білсін...

Түйін:

Су саласында түйткілді мәселе көп, оны шешетін мүмкіндік те аз емес. Адамзат баласы кезінде бу машинасынан бас тартып, көмірге көшті. Артында көмірді мұнай мен газ алмастырды. Енді электр қуатына бет бұрып жатырмыз. Технология заманында кез келген энергия көзінің баламасы табылады. Алайда судың орнын басатын басқа элемент Жер шарында жоқ, болмайтын да шығар.

НАРЫҚ

18 СӘУІР 2026 | СЕНБІ



САЛЫҚ ТҮСІМІ АРТТЫ, САЛМАҒЫН КӨТЕРГЕН КІМ?

Алғашқы тоқсанның басты жаңалығы бюджетке түскен жалпы кірістің жоспардан асып түсуі болды. Үкімет дерегіне сүйенсек, республикалық бюджетке барлық көздерден түсетін түсім 4 085,6 млрд теңге деп жоспарланған еді. Алайда нақтысында қазынаға 4 159,4 млрд теңге түсті. Яғни, мемлекет құтқеннен деп көп табыс жинап, жоспар 101,8%-ға орындалған.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Бұл жалпы түсімнің ішінде бең үлкен үлесті салықтар құрайды. Ресми мәлімет бойынша, бюджет кірісінің шамамен 98%-ы – салықтық түсімдер. Осы уақыт ішінде бюджетке 4 077,6 млрд теңге салық түскен. Былтырғы жылмен салыстырғанда, салық түсімдері 31,5%-ға артық. Яғни, бюджетке түскен жалпы ақшаның басым бөлігі – дәл осы салықтар, ал қалғаны басқа түсім көздерінен құралған.

Бұл жерде Үкімет қосымша бір маңызды факторды атап өтті: «Былғы қаңтар-наурызда түскен ҚҚС-тың бір бөлігі былтырғы жылдың соңғы тоқсанына тиесілі. Яғни, кейбір салықтар кешігіп, осы кезеңде төленген. Бірақ бұл өсімнің басты себебі емес. Жай ғана жалпы көрсеткішке аздап әсер еткен қосымша фактор деп қарауға болады».

Алайда ресми статистикадағы бұл өсімге сарапшылар да бірдей көзқараста емес. Кейбірі бірінші тоқсандағы жоғары түсімдерді экономиканың табиғи өсуімен ғана түсіндіру жеткіліксіз дейді. Мәселен, салық сарапшысы Айдар Масатбаев бюджет кірістеріндегі секірісті техникалық факторлармен байланыстырады.

Оның айтуынша, бірінші тоқсандағы жоғары түсімдер жаңа Салық кодексінің немесе жүйелі реформалардың нәтижесі емес. Негізгі себеп – ҚҚС мөлшерлемесінің 12%-дан 16%-ға көтерілуіне байланысты бизнес тарапынан жасалған алдын ала қадамдар.

«Жалпы, бірінші тоқсандағы түсімдерге жаңа Салық кодексінің еш қатысы жоқ. Мәселе мынада:

ҚҚС 12%-дан 16%-ға көтерілетіні белгілі болған соң 2026 жылдың бірінші жартысына жоспарланған келісімшарттың бәрін кәсіпкерлер қайта қарап шықты», – дейді сарапшы.

Оның сөзінше, көптеген компания салық жүктемесін азайту үшін келісімшарт мерзімін жаппай өзгерткен. Яғни, 2026 жылға жоспарланған міндеттемелерді 2025 жылдың соңына «жылжытып», салықты бұрынғы төмен мөлшерлеменен төлеуге тырысқан.

«Көптеген салық төлеуші қосымша келісімдер жасап, орындау мерзімін 2026 жылдың бірінші жартысынан 2025 жылдың 31 желтоқсанына ауыстырды. Соның нәтижесінде 2026 жылы төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы (КТС) бірден 2025 жылы пайда болды», – деп түсіндіреді Айдар Масатбаев.

Дәл осындай жағдай ҚҚС бойынша да байқалған. Сарапшының айтуынша, кәсіпкерлер үшін айырмашылық айтарлықтай: егер жұмысты 2026 жылы орындаса – 16% ҚҚС, ал 2025 жылы рәсімдесе – 12%.

«Егер актіні 2026 жылы рәсімдесең, 16% ҚҚС төлейсің. Ал 2025 жылы үлгерсең – 12%. Әрине, бизнес үшін бұл үлкен айырмашылық. Сондықтан барлығы мүмкіндігінше мәмілелерді 2025 жылға «жабуға» тырысты», – дейді ол.

Осылайша, бюджетке түскен қосымша қаражаттың бір бөлігі нақты экономикалық өсімнен емес, уақытша «ығысқан» салық төлемдерінен құралған болуы мүмкін. Яғни, 2026 жылы түсуі тиіс қаржының бір бөлігі 2025 жылдың соңында-ақ бюджетке түсіп қойған.

Сарапшы бұл пікірін нақты тәжірибемен де дәлелдейді. Оның айтуынша, 2025 жылдың желтоқсанында салық кеңесшілері мен бухгалтерлер үшін жұмыс ерекше қарқын алған.

«Желтоқсанда біз клиенттермен түн ортасына дейін жұмыс істедік. Барлығы қосымша келісімдер жасап, мерзімдерді 2026

жылдан 2025 жылға ауыстырумен айналысты. Бұл – салықты үнемдеу ниетімен жасалған қадам», – дейді Айдар Масатбаев.

Сарапшының айтуынша, қазіргі жағдайды бір тоқсанның нәтижесімен ғана бағалау асығыстық болуы мүмкін. Оның пікірінше, жаңа салық өзгерістері бизнеске әртүрлі әсер етіп жатыр – біреулер бейімделіп үлгерсе, енді біреулер үшін бұл соңғы шек болған.

«Жалпы алғанда, қазір нақты қорытынды жасауға әлі ерте. Бірақ бір нәрсе анық байқалады: жаңа салық кодексі көптеген компания үшін белгілі бір шекке айналды. Кейбір бизнес бұрын-

ша тұрақтандыру, шағын және микробизнесі тексеруді кейінге қалдыру сияқты қадамдар бар. Яғни, бизнеске бейімделуге уақыт беріліп жатыр. Бірақ соған қарамастан, жоғары салық жүктемесі мен ҚҚС бойынша шектеулер кейбір компаниялар үшін негізгі себеп болмаса да, жабылуға түрткі болған факторға айналды», – дейді А. Масатбаев.

Бюджет кірістерінің өсуімен қатар инфляцияның баяулауы да маңызды көрсеткіштердің бірі. Әдетте кірістердің артуы инфляциялық қысымды күшейтуі мүмкін. Алайда бұл жолы керісінше үрдіс байқалып отыр.

Үкіметтің мәліметінше, «бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша инфляцияны төмендетудің тұрақты үрдісі сақталуда». Наурыз айында инфляция қарқыны 0,6%-ға дейін баяулаған. Ал қаңтар мен ақпанда бұл көрсеткіш 1,0-1,1% деңгейінде болған.

Бұл төмендеу бір айлық емес, ұзақмерзімді үрдіске айналып

нан-ақ әрең күн көріп жүрген, ал осы өзгерістер олар үшін соңғы нүкте болды. Яғни, мәселе тек салықта емес, олардың бизнес-моделінің әлсіздігінде де жатыр. Салық кодексі тек соған түрткі болды десек дұрыс. Сонымен қатар бірқатар компания шығынды азайту үшін форматтарын өзгертіп жатыр: мысалы, бутиктерден бас тартып, қойма арқылы, маркетплейстерде жұмыс істеуге көшуде. Өйткені қала ортасында дүкен ұстағаннан гөрі қала сыртындағы қойма әлдеқайда арзан», – дейді маман.

Сарапшының сөзінше, сәбіз салық режимдері де біржақты бағаланбайды. Мәселен, жеңілдетілген режим шағын бизнес үшін тиімді болғанымен, оның да өз шектеулері бар.

«Жаңартылған арнайы салық режимі, шынын айтқанда, жаман емес. Егер сен тек жеке тұлғалармен жұмыс істесең, айналымнан шамамен 4% төлейсің, ҚҚС төлемейсің – бұл өте қолайлы. Бірақ мұнда үлкен шектеу бар: сен жалпыға бірдей режимдегі заңды тұлғалармен жұмыс істей алмайсың. Яғни, ірі бизнеспен байланыс үзіледі. Ал егер олармен жұмыс істегің келсе, бірден жалпы режимге өтесің: таза табыстан 20% корпоративтік табыс салығы, үстіне 16% ҚҚС – бұл шағын бизнес үшін ауыр жүк. Сондықтан бұл режим – тек жеке тұлғаларға немесе өзің сияқты «жеңілдетілгендерге» бағытталған бизнеске ғана тиімді», – деп сөзін жалғайды Айдар Масатбаев.

Осы шектеулердің салдарынан шағын кәсіпорындардың бір бөлігі ірі компаниялармен жұмыс істеу мүмкіндігін жоғалтып отыр. Бұл өз кезегінде олардың табыс құрылымына және жалпы тұрақтылығына әсер етеді.

Сонымен қатар мемлекет тарапынан белгілі бір қолдау шаралары да қарастырылған. Алайда олардың тиімділігі уақыт өте келе ғана анық болады.

«Қазір мемлекет белгілі бір өтпелі кезең шараларын енгізді. Мысалы, жалға алу бағалары мен коммуналдық төлемдерді уақыт-

көсіліп, бағаға қысым жасайды. Сондықтан инфляция – бұл бір ғана фактор емес, кешенді мәселе. Бірақ ҚҚС-тың әсері жок деу – дұрыс емес, бұл экономикалық теорияда да жазылған».

Салық жүктемесінің құрылымы туралы сөз болғанда, сарапшы әсіресе қосылған құн салығы мен еңбекақы қорына түсетін қысымға ерекше тоқталады. Оның айтуынша, соңғы өзгерістер кәсіпкерлер үшін нақты шығындарды айтарлықтай арттырған.

Айдар Масатбаев бұл мәселені былай тарқатады:

«Егер жалпы салық жүктемесінің өсуі туралы айтсақ, ҚҚС бойынша жағдай шынымен күрт өзгерді. Бұрын кейбір компаниялар белгілі бір шекке дейін ҚҚС төлемейтін, мысалы айналымы 80 миллион теңгеге дейін болса. Қазір бұл шек 43 миллион теңгеге дейін төмендеді. Соның салдарынан ҚҚС төлейтін кәсіпкерлер саны айтарлықтай көбейді. Әрине, бұл автоматты түрде жүктеменің өскенін білдіреді. Яғни, бұрын бұл салықты



отыр. «Төмендеу алтыншы ай қатарынан байқалады», – делінген мәлімдемеді. Яғни, 2025 жылдың қыркүйегінде 12,9%-ға жеткен инфляция біртіндеп төмендеп, 2026 жылдың наурызында 11,0%-ға түскен.

Бұл жерде маңызды түсіндірме бар. ҚҚС мөлшерлемесінің өзгеруі бағаның қысқамерзімді өсуіне әкелгенімен, экономика оны сіңіріп үлгерген. Үкіметтің айтуынша, «бағаның қысқамерзімдік өсуін экономика 2025 жылдың аяғында – 2026 жылдың қаңтар-ақпанында сіңірген. Қазір инфляцияға әсер етпейді».

Дегенмен инфляция мәселесіне келгенде де сарапшының ұстанымы ресми мәлімдемеден өзгеше. Оның пікірінше, ҚҚС мөлшерлемесінің өсуі бағаға әсер етпей қоймайды, бұл – экономиканың базалық заңдылықтарының бірі.

«Мен зангермін, бірақ экономистермен сөйлескенде бәрі бір нәрсені айтады: ҚҚС-тың кез келген өсуі, мейлі, ол жарты пайыз болсын, міндетті түрде инфляцияны қозғайды. Бұл – классикалық заңдылық. Бізде оған қоса доллар бағамының өсуі бар, импорт қымбаттады, сырттан келетін тауарлар мен компоненттердің бағасы өсті. Соның бәрі

төлемеген бизнес енді толыққанды төлеушіге айналды. Бұл – қатты сезілетін өзгеріс».

Сарапшының сөзінше, бұдан да күрделі мәселе – еңбекақы қорына түсетін ауыртпалық. Бұл проблема жаңа Салық кодексінен бұрын да болған, алайда қазіргі өзгерістер оны жеңілдетпеген.

«Ең қиын мәселе – еңбекақы қоры. Бұл – бұрыннан бар проблема, бірақ жаңа кодекс оны шешкен жоқ. Қазір кәсіпкер қызметкерге «колына» 1000 теңге беру үшін жалпы есеппен 39,5%-дан 49%-ға дейін қосымша төлем жасайды. Бұл – өте жоғары жүктеме. Яғни, жалақының өзінен бөлек, оған байланысты түрлі міндетті төлем бар, олар бизнеске ауыр салмақ түсіреді. Мұндай жағдайда көлеңкелі еңбекақы немесе оптимизация іздеу тенденциясы пайда болады – бұл да түсінікті».

Осы тұста салық саясаты мен экономикалық саясаттың арасындағы тепе-теңдік мәселесі алдыңғы қатарға шығады. Бір жағынан, мемлекет бюджет кірістерін арттыруға мүдделі. Екінші жағынан, бизнеске түсетін жүктеме оның дамуына кедергі келтірмеуге тиіс. Сарапшының айтуынша, дәл осы тепе-теңдік сақталмаса, қысқамерзімді табыстар ұзақмерзімді тәуекелдерге айналуы мүмкін.

КӨКЕЙКЕСТІ

18 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Білім жүйесіндегі реформа – қоғамның назарына жиі ілінетін әрі үнемі көзқарастар алуандығына ұшырап, текетіреске түсетін ең түйткілді мәселе. Әсіресе, мектептерде білім беру бағдарламаларының қайта-қайта жаңартылып, сәт сайын өзгеруіне сала мамандарының өздері де ілесе алмай қалып жатады десек болады.

Кейінгі уақытта тіпті әлеуметтік желіде Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованың орта білім беру саласына қатысты мәлімдемелері күн сайын бірінен соң бірі санырауқұлақтай қаптап кетті. Оқулықтар жаңартылады, педагогтардан біліктілік тест алынып тасталады, аттестация жүйесі өзгереді, мектеп директорларын тағайындау өзгереді, мектептерде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілуде дегендей жаңалық көп. Дегенмен түсінгеніміз, енді ОЗП тесті толықтай алып тасталды, авторлық және әдістемелік, портфолио жинау болмайды, ұстаз және eGov жүйесі ашылады, жаңа ереже алдағы уақытта шығады.

Бірақ министр білім жүйесіне енгізілетін өзгерістер туралы педагогикалық ортада сараптап, талқылап, ортақ шешім қабылдап, бекітілгеннен кейін жалпак жұртқа жариялауына болмай ма? Мәселен, 7 сәуірде Жұлдыз Досбергеновтың інірде әлеуметтік желідегі парақшасы арқылы «Қазақстанда мұғалімдерге арналған ОЗП тесті толықтай алып тасталды. Бұл уақытша емес, тұрақты шешім болып саналады. Енді жұмыс істеп жүрген мұғалімдер бұл тестіні тапсырмайды» деп мәлімдеді. Жаңалық көпшілік ұстаздар тарапынан екіұшты қабылданды. Қолдағандардың да, қарсы болғандардың да қатары қалып қалды.

Педагогтардың сөзінше, өзгерістер дәл аттестация аяқталар сәтте және қандай өзгеріс болмасын алдын ала талқыланды, жоспарсыз енгізілгені үлкен мәселе туғызды. Кезінде педагогикалық біліктілік тестін енгізген экс-министр Асхат Аймағамбетов журналистердің сұрағына жауап беріп, тестілеудің толығымен алынып тасталғанынан хабарсыз екенін айтқан.

«Біріншіден, ол бұйрық нақты шықты ма, шықпады ма, мен білмеймін. Нені тоқтатып жатыр, қалай тоқтатып жатыр, білмедім. Тестілеуді кезінде біз жайдан-жай енгізген жоқпыз ғой? Өкінішке қарай, проблемалар болды, мысалы, университетті бітірген соң педагог тест тапсырып, сертификатын алуды міндеттеуді енгіздік. Бастапқы жылдары осы тесті енгізген соң төрт жыл бойы, әсіресе математиктердің басым бөлігі сол тесттен өте алмағандары болды. Соған байланысты біз сол жылы 36 университеттің лицензиясын қайтарып алған болатынбыз. Ал жалпы, аттестация мәселесіне келер болсақ, дұрыс, бұл жүйені жаңартқан дұрыс. Мен өзім авторлық бағдарлама талабын түсінбеймін. Егер бұл талап шебер мұғалімге болса, түсінікті. Ал модератор мен сарапшыдан оны неге талап етеді? Осыны алып тастау туралы естідім. Мұнымен келісемін. Ал тестілеуді толығымен алып тастау туралы естімедім. Бұл жерде нақты зерттеулер болуы керек», — деді Асхат Аймағамбетов.

Қарсы топ әлеуметтік желілерде «Тестілеу артық жүктеме емес, өйткені ол бес жылда бір-ақ рет өткізіледі. Бұл — кәсіби деңгейді бағалау мен білім беру сапасын сақтаудың тиімді құралы. Жемқорлық алдында шарасыздық танытып, тестілеу мен авторлық бағдарламаны алып тастау тиімді ме?!» десе, қолдаушылар «Сіз тек тестті тоқтатқан жоқсыз, сіз тест орталығының жемқорлығын, мұғалімдердің «стрессін» тоқтаттыңыз. Енді ваучер деген тиімсіз, жүйесіз, өтірік банк не акционерлік қоғамның былықтарын тоқтатсаңыз, нұр үстіне нұр болар еді» деп жазды. Пікірлер тізбегін оқып отырып, ұстаздар үшін міндеттелген ОЗП тестін тапсыру жүйесі қолданысқа енгізілген уақыттан бері бір жүйеге түспегенін аңғаруға болады.



Ойыңды өсіре ме, ОРТА БІЛІМ?

ЕҢ БАСТЫСЫ — САПАЛЫ БІЛІМ ЖӘНЕ БІЛІКТІ КАДР

Жалпы, кейінгі 30 жыл ішінде білім саласында жасалған реформалар санын саусақпен санап шығу мүмкін емес. Ресми ақпарат көздеріндегі деректерге сүйенсек, 2000-2017 жылдар аралығының өзінде білім беру стандарты 7 рет өзгеріп, әр өзгерту сайын оқулықтар жаңартылған екен. 2017-2022 жылдары «Білім» туралы заңға 29 рет өзгертулер мен толықтырулар енгізіліпті.

— Шынында да, тәуелсіздік алғалы бері ең көп реформа жасалған сала — білім. Оның да себептері бар шығар. Біздің осы мерзім аралығында тапқанмыздан жоғалтқанмыз көп болды. Алайда кенестік одақ құрамынан шыққаннан кейін біздің алдымызда білім саласы бойынша қай жолды таңдау қажеттігі туралы маңызды міндет тұрды. Ол үшін әр мемлекеттің білім беру жүйесін сараладық. Сонымен, біз түптеп келгенде, болон білім

пәнін жетік білетін мамандар аз екені рас. Мен кезінде Парламентте 2-3 рет депутаттық сауал ретінде педагогикалық және медициналық мамандарды ақылы негізде оқытуды тоқтату туралы мәселе көтергенмін. Оларды кәдімгі нақты біліміне қарай саусақпен санап отырып, жоғары оқу орындарында арнайы дайындау керек, — деді Мұрат Бақтиярұлы.

Ал экс-сенатор Динар Нұкетаева реформалардың жиі өзгеруі мұғалімдерге де, оқушыларға да белгілі бір деңгейде қиындық туғызатынын айтты.

— Реформалар тұрақтылықпен, жүйелілікпен және педагогтардың пікірін ескере отырып жүзеге асырылуға тиіс деп санаймын. Аттестация мен бағалау жүйесі мұғалімдердің кәсіби өсуіне ынталандыратын маңызды құралдардың бірі болып келді. Осыған байланысты мұндай өзгерістер балама, заманауи және әділ бағалау жүйесімен қатар жүруі қажет деп ойлаймын. Мысалы, мұғалімнің

Алайда күн сайын қайта-қайта мектептерге енгізілетін жаңалықтар туралы министрдің мәлімдемелерін әлеуметтік желі арқылы бақылап отырғанымызбен, мектеп қабырғасынан бағыт-бағдары, мақсат-мұраты айқын азамат тәрбиелеп шығаруға арналған нақты бағдарламаның жасалып жатқаны туралы естімейміз. Себебі мектеп адам өміріндегі — ең маңызды кезең. 11 жыл бойы мектеп партасында баланың нақты дағдысы, ойлау қабілеті, шешім қабылдай білу әдеті қалыптасуы керек. Бұл — кейінгі жылдары білім саласына енгізуге талпынып жатқан нақты жаңалықтардың бірі. Бірақ оның әлі де жүйеленбей жатқаны жасырын емес. Соның салдарынан оқушылар арасында да, студенттер арасында да білім сапасы мен мамандыққа адалдық мәселесі күрделі күйінде қалып отыр. Жастардың арасында жоғары білім алуға ұмтылатындар саны көп. Бірақ дипломды жастардың бәрі өздерінің алған мамандықтары бойынша жұмыс істемейді. Нарықта жұмыс-

сыз жастардың қатарын толтырып, нақты экономикаға ешқандай пайда әкелмейді.

Сарапшылар мемлекет тарапынан жоғары білімге салынған қомақты инвестицияға және жыл сайын мыңдаған білім беру гранты бөлінетініне қарамастан, мамандық бойынша нақты жұмысқа орналасу коэффициенті төмен деңгейде қалып отырғанын айтып, дабыл қағуда. Президент жанындағы ҚСЗИ Қоғамдық пікірді зерттеу бөлімінің бас сарапшысы Гүлназ Қасымованың пайымдауынша, жүргізілген таңдаулы сауалнама нәтижелеріне сәйкес, бүгінде жас мамандардың бестен бір бөлігінен астамы өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді: бұл көрсеткіш техникалық және кәсіптік білім (ТЖКБ) түлектері арасында — 29%, ал жоғары білім алғандар арасында 17%-ды құрайды. Салдарынан елімізде ЖОО бітірген дипломды мамандардың 60-80 пайызы алған мамандықтары бойынша жұмыс істемейді.

Мұрат Бақтиярұлының сөзінше, көптеген Еуропа мемлекетінде жастардың басым бөлігі ең алдымен орта арнаулы білім алуға ұмтылады.

— Мәселен, Германияда жастардың көбі таңдаған мамандығы бойынша орта арнаулы білім алып, оқуын бітіріп, сала бойынша шеберліктерін шындаған соң ғана жоғары білім алуға ден қояды. Ал бізде мектеп бітіргендердің 80 пайызға жуығы жоғары оқу орындарына құжаттарын тапсырады. Мәселен, Ұлттық статистика бюросы мәліметінше, 2025-2026 оқу жылының басында елдегі жоғары оқу орындарында 678,1 мың студент білім алып жатыр. Бірақ солардың жыл сайын 120-140 мыңдайы жоғары оқу орындарын бітірсе, бұлардың 20-30 пайызы ғана өз мамандықтары бойынша жұмыс істейді. Мен дамыған мемлекеттердің білім саласын көп зерттеп көрдім, ол мектептерде оқушылардың бейімділігіне қарай жаратылыстану математикалық және қоғамдық гуманитарлық білім беру қарастырылған. Сондай-ақ балалар мектепте 12 жыл оқиды, 1-6-сынып бастауыш, 6-9-сынып орта білім, кәсіптік оқуға бейімдеу, 10-12-сыныптарда таңдаған мамандыққа сәйкес пәндерді оқытады. Біз мектептерде қаптаған пәндерді танымдық, кіріспе бағытында оқытуға көбірек мән береміз. Дамыған елдер ғылымға баулиды, логикаға, жүйелі ойлауға баулиды. Өзіңіз білесіз, Назарбаев зияткерлік мектептері 12 жыл оқиды. Бізде осы стандартқа көшуіміз керек. ҰБТ-ны да әлемдік стандартқа негіздеу керек, — деді ол.

P.S.

Еліміздің білім саласына жасалатын ендігі өзгеріс мектептер мен жоғары оқу орындарының арасындағы сәйкессіздікті жоюға бағытталғаны дұрыс сияқты. Егер Ғылым және жоғары білім министрлігі ҰБТ жүйесіне өзгеріс енгіземіз десе, соған сай мектептегі білімнің бағыты қалай өзгереді, Оқу-ағарту министрлігі мұны да ойлап жатқан болса керек.

Тілекүл ЕСДӘУЛЕТ

Себебі мектеп адам өміріндегі — ең маңызды кезең. 11 жыл бойы мектеп партасында баланың нақты дағдысы, ойлау қабілеті, шешім қабылдай білу әдеті қалыптасуы керек.

беру жүйесін таңдадық. Бұл әлемдік білімдердің үдерісі дегенді білдіреді. Яғни, бір мемлекеттен алған дипломыңыз басқа мемлекетте жарамды болады деген сөз. Алайда бізге келіп жеткен мәліметтер бойынша, шетелде біздің дипломымызды қайтадан дәлелдеуді қажет етеді екен. Тіпті, өз елімізде де дипломы бар, сапасыз кадрлар көп даярланып кетті. Осыған байланысты болон білім беру жүйесін әлі де жетілдіру мәселесінің өзекті күйде қалып отырғанын аңғарамыз, — деді экс-сенатор Мұрат Бақтиярұлы.

М.Бақтиярұлының айтуынша, түйінді түйткілге назар аударсақ, қазірге дейін жоғары оқу орындарында педагог мамандары ақылы негізде де даярланады. Яғни, мектепте төменгі бағаға оқыған бала жоғары оқу орнында ақылы білім алып, мектепте мұғалім болуы кейінгі жылдарда білім сапасының нашарлауының нақты себебі болуы мүмкін. Сондықтан педагогикалық біліктілік тестін алып тастауға болмайды.

— Жаңа министр келгелі де жарты жылдан асты. Бұл кісі де білім саласын жақсарту үшін талпыныстар жасап жатыр. Дегенмен осы саланың маманы ретінде менің айтатыным, еліміздегі 8000-ға жуық мектеп сынақ алаңы емес қой, кез келген реформа жасардың алдында көптеген сараптама өтуі керек, тәжірибе жинақталуы керек. Содан кейін ғана өзгеріс жасалуы керек. Мен біліктілік тест тапсыруды құптаймын. Өйткені университет бітірген маман мектепке келер алдында тесттен өткені дұрыс, оны министр қалдырдым деп отыр. Бірақ әрбір 4-5 жыл сайын мұғалімдер өзінің пәні бойынша тест тапсыруы керек. Бұл — бүкіләлемдік үрдіс, ұстаз өз пәнін қалай білетінін нақтылап отырған дұрыс. Бүгінде өз

жұмыс нәтижесін оқушы жетістігі, сабақ сапасы, кәсіби даму белсенділігі арқылы кешенді бағалау тиімдірек болуы мүмкін. Ең бастысы — білім сапасын төмендетпей, мұғалім мәртебесін арттыратын теңгерімді жүйе қалыптастыру, — деді Д. Нұкетаева.

ҰБТ ЖҮЙЕСІ ӨЗГЕРСЕ, МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ ДЕ СОҒАН САЙ ЖАҢАРА МА?

Осы ордада Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өз сұхбатының бірінде: «Біз ҰБТ-ға қатысты реформа қабылдауымыз қажет. ҰБТ өз алдына қойған міндетін 100% орындады. Ендігі реформа міндеті — сапалы білім және білім ордасы трансформациясы» деді. Бұл тұста «Егер халықаралық стандартқа сай тест түрленетін болса, соған сай орта білім беру жүйесіне қандай өзгеріс жасалуы керек?» деген заңды сұрақ туындайды емес пе? Біз Оқу-ағарту министрлігі Орта білім комитеті баспасөз қызметіне хабарласып, алдағы уақытта жалпы орта білім саласында қандай жаңалықтар болғалы жатқанын сұрағанбыз.

Орта білім комитеті баспасөз қызметі сұрағымызға: «Оқу-ағарту министрлігі педагогтарды аттестаттау жүйесіне бірқатар өзгеріс енгізуде. Жүргізіліп жатқан реформалардың негізгі мақсаты — педагог еңбегін әділ әрі ашық бағалау жүйесін қалыптастыру, артық талаптар мен негізсіз қаржылық шығындарды қысқарту. Жаңа аттестация педагогтардың жұмыс нәтижелеріне негізделеді әрі барынша түсінікті, объективті форматқа көшіріледі. Аталған өзгерістер 2027 жылдан бастап енгізілетін аттестаттау жүйесіне байланысты екенін естеріңізге саламыз», — деп жауап берді.

ЖАНСАРАЙ

18 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Ертай Ашықбаев – қазіргі қазақ әдебиетінде өзіндік үні мен қолтаңбасы бар ақындардың бірі. Оның шығармашылығы ұлттық рухты, туған жерге деген сүйіспеншілікті және адам жанының терең иірімдерін бейнелеуімен ерекшеленеді. Әдеби ортадан алыс, өлеңнің, сөздің соңында жүрген ақынның да әдебиет туралы айтары көп.

– Ертай аға, әдебиет дейтін әлемде ерекше есіміңіз бар. Оқырман да сіздің өлеңдеріңізді жақсы біледі. Өлең дейтін тылсым күш сізді бұл ортаға (әдебиетке) жетелеп әкелген сияқты. Бозбала шақтан бүгінге дейін кезеңде не көрдіңіз, не түйдіңіз?

– Тылсым күш дегеніңіз шындықтан алыс емес. Осы күнге дейін мені әдебиетке жетелеп әкелген кітаптар деп ойлаушы ем. Сөйтсем, санамды әлдебір тылсым күш түрткен екен ғой. Ал кітап, газет-журнал дегендеріңіз қосымша демеуші болғанға ұқсайды. Не түйдіңіз дегенде әуелі осыны айтқаным мақұл сияқты. Осыны сіздің сауалыңызға дейін толық түсінбеппін. Рас, кездесулерде, әсіресе оқушылармен әңгімелескенде: «Адамды Алла несібесіз жаратпайды, осы отырған әрқайсыңызға әртүрлі қабілет береді, ал оны дамыту өздеріңе байланысты» дейтінмін. Оған өзімді қоспайтынмын. Дегенмен маған да сондай бір қабілеттің үшқыны түскен ғой. Оны өз әлімше дамытып өсеткенмін. Не болғанда да, осы кезге дейін өлеңнің, сөздің соңында жүрдім. Өкінбеймін. Өйткені басқа шаруаға икемім болмады.

– Неге икеміңіз болмады?

– Қайдам. Әуелде жұмсалмағанымнан шығар. Әр үйде күнделікті еш шаруаға қыры жоқ бірекі бала болады ғой. Рас, тауық, үйрек бауыздай аламын, бірақ қой соя алмаймын. Машина жүргізе білмеймін. Сонау Кеңес өкіметі тұсында біздің үйде «Жигули» көлігі болды. Өкем әлгі Ұлы Отан соғысы дейтін қырғынның екінші топ мүгедегі еді, сол кісіге кезексіз берген. Сол көліктің рөліне отырып көргем жоқ. Сурет салып көргем, келістірмедім. Домбыра үйренуге қатты талаптаным едім, одан да ештеңе шықпады. Сосын бәрін де қойдым да, ала қағазды аударыстыра бердім. Нәпақамды ақыры содан таптым ғой.

– Сізді Алматыға сүйреп әкелген сол нәпақа болған ғой?

– Сол, әрине. Мектепте жоғары сыныптарға өткен соң КазГУ-дің журналистика факультетіне түсуді армандадым. Журфаққа төртінші рет келгенімде ғана түстім. Ол жолы да түсе алмасам, одан әрі де қоймастан келе беруім де мүмкін еді. Ол кезде журналистика дегеніңіз сиқырлы мамандық сияқты еді ғой. Екінші жағынан, бүкіл Қазақстанда журфақ осында ғана болды. Ал бірақ сонда оқығандарды көргенімде ішіме бір күдік кіретін. Пединститут бітіріп, сабақ берген өз мұғалімдерімізден артып кеткен ештеңесін байқамайтынмын. Сөйтсем, Журналистика факультетінде де ылғи бір жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар ғана оқи бермейді екен ғой. Бұған Алматыда жүрген бес жылда әбден көзім жетті. Сол сияқты арғы бергі курстастар арасында озық қаламгер боламын деп Алматыда қалғандардан да шаппай бәйге алатындар аз болды.

– Алматыны сағынған, Алатауды жақсы көрген әр жан «дәл мендей бұл қаланы сүймейді еш-

кім» деп толғайтыны рас. Дегенмен осынша сүйе тұра, осынша сағына тұра, Алатаудан Ақтөбеге ат басын бұруыңыздың сыры неде? Әдетте, қалам ұстағанның көбі астанада қалуға тырысатын еді...

– Мен Алматыда қала алмадым. «Қала гөр» деп жалынған да ешкім болмады. Бірақ Алматыны сағынып жүрдім. Әсіресе, Ақтөбеге алғашқы барған жылдары. Дегенмен сол кезде сағынышымды өлеңге қосып жарытпадым. Себебі өзіме де беймәлім. Жалпы, маған дейін КазГУ-ді бітірген ағаларым бертінде Алматыға қоныс аударған: Есенбай Дүйсенбаев, Сәбит Баймолдин, Қажығали Мұқанбетқалиев... Сірә, мен де сөйтетін шығармын деп ойлаған болуым керек.

Тек жасым жерортаға келгенде, енді суы мен сырасын қатар ішкен алтын ордама бармайтыным анық болғанда ғана Алматы туралы шындап ойлана бастадым. Баяғыдан бергі сағыныштарым қайтадан бас көтерді. Бір жаз бойы Алматы мен КазГУ туралы жырлар жазумен болдым. Шынымды айтайын, сол жырларымызды қайта оқығанда рахаттанып қалатынымын. Қазір де сөйтсем. Бірақ енді Алматы жөнінде жөндем жыр жаза алмайтынымды білемін. Әр нәрсе тәрізді әр тақырыптың да өз мезгілі болады екен.

– Ай, жөн еді Алматыны көрген, Алматыға бармағаным жөн еді дейсіз... Реніш пе, өкпе ме, сағыныш па, бұл не мұн?

– Реніш емес. Өкпе емес. Бәлкім, сағыныш шығар. Немесе сағыныш аралас мұн. Түптеп келгенде, сағыныш мұнсыз болмайды ғой. Осы өлеңімде, есіңізге түсірейін, «Алматыны көргім келді, көрдім мен», «Алматыда жүргім келді, жүрдім мен», ақыр соңында «Алматыдан кеткім келді, кеттім мен» дейтін жолдар бар ғой. Тап солай болды. Әу баста, оқушы кезімде, жоғарыда айтқанымдай, Алматыда, КазГУ-де оқығым келген-тұғын. Оқыдым. Ал оқу біткен соң не істеу керек? Көп ойланған жоқ, ойланғанда да не істей алам, үйренген Ақтөбеге тартып отырдым. Мұны алпыс жылдығыма арнаған тоймақалада курстасым Максат Тәж-Мұрат былай сипаттап еді: «...Ертай өмірдің белі мен белесінен, өрі мен ылдиынан, қайқаңы мен ойпаңынан қайсарлықпен өте отырып, «Ақын провинцияда туып, Парижде өледі» деген еуропалық қағиданың қазақ үшін әншейін сөз ойнату екенін әдемі дәлелдеді. Сұлу әріптер жазылып жатқан таза парак – Астана жаққа да ауаланбады (өйткені өз астанасы бар еді, – Дешті-Қыпшақ заманында Қарасу өзенінің Ұлы Қобдаға құяр сағасындағы кент-қала дәл осылай атанған). Өмірін мінезіне жеңдірген, бірақ тағдырының тізгінін қолынан шығармаған қалпында, «су шелегі суда тесілер» деп Ақтөбесінен табан аудармады. Былайғы жұрт атақ-даңқтың соңынан қуып жүргенде, атақ-даңқ, ізет-үрмет мұның соңынан өзі қуды» деп жазған болатын.

Дегенмен сағынышта жоқ шекара деген тіркес сұранып тұр осы жерде. Сондай бір гәп қой бұл да.

– «Мен деген – үнсіз ғаламмын, Қоштаскам дүрмектеріммен. О, не деп тұрсыз маған, Мұң, Не істеуге міндетті едім мен?»... Ақынның өлеңі қалай туады: ойдан ба, күйден бе, әлде бір оқиғадан ба?

– Тап осы өлеңнің қалай туғаны есімде жоқ. Өзіме-өзім ырза болмай отырған шақта туды ма екен, әлде біреулер қыжыртты ма екен, әйтеуір бірдене көңілім толмаған кезде жазылған сынайлы. Әдетте, әлденеге ренжіген шақта ештеңе жаза алмай қалатыным бар. Жазып шыққаным қарағанда, сірә, бұл жолы ешкімге ренжімеген сияқтымын. Сол себепті мұны психологиялық бір ахуал жайындағы жыр екен десеніз қателеспейсіз.

ШАЛА ДҮНИЕНІ СОЗА БЕРУДІҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ

– Осыдан он жыл бұрын бір сұхбатыңызда: «Бұған дейінгі жинақтарыма еніп кеткендеріне, әрине,



Ертай АШЫҚБАЕВ, ақын:

Әр тақырыптың да

амалым жоқ. Бірақ шала жазылған немесе толық жазылса да, көңілімнен шықпаған, бәлкім, бір том, тіпті аз дегенде жарты том боларлықтай өлеңдерімнің барлығын осы қос томдығым шығар қарсаңда түгел өртеп жібердім. «Өртеп жібердім» деуім бейнелеп айтқаным ғой, негізінде өбден ұсақтап жырғтым және кейін осы принципімнен айнып қалмау үшін дереу үйдегі, кеңсемдегі компьютерлерде сақтаулы тұрғандардың барлығын да «удалить» еттім» деген екенсіз. Одан бері «шала жазылған» өлеңдер болды ма, әлде өлең жазбай кеттіңіз бе?

– Расында да, жазбай кеттім, жазбай кеткен ақын мен ғана емес болуым керек. Өлеңнің шала әлде бүтін болып шығатыны алғашқы жолдан-ақ білінеді ғой. Шала дүниені созығалай берудің не қажеті

«Жиенқұлға келгенде шықпайды үнім» деген сияқты интернетке келгенде не дерінді білмейді екенсің. Бұны да әлемзаттық демократияның бір көрінісі ретінде қабылдай береміз де.

бар. Оның үстіне, мен принципшілдеу қазақпын. Сол принципімнің бірі – ақынның кейінгі өлеңдері одан бұрынғы өлеңдерінен кем түспеуі керек. Бірақ жұрттың бәрі бұл принципті ұстана ма, әрі-беріден соң бұлай дегеніңе пысықрайды да. Енді айта беруге болатын шығар, біздің ағаларымызды құртқан қаламақы. Кеңес Одағы кезінде көркем шығармаларға қаламақы мол төленетін. Ақындар бір қалындау кітап шығарса, соның қаламақысы жеңіл автокөлік алуға да, отбасымен курортта демалып келуге де жетіп жататын. Ал бұндай байлықтан кім бас тартады. Сөйтіп, кітапты бірінен соң бірін шығаруға деген ынта көп жазуға итермелейтін. «Бір жақсы өлеңім бірнеше жаман өлеңімді асырайды» деген әңгіме, меніңше, сол кезде шыққан. Біз көрген ақындардың ішінде кейінгі жазғандары ілгеріде жазған жырларынан кем түспеген бір ақын болды, ол – Есенғали Раушанов. Есағаң «Өлеңді жазып көрдік, Бұл

да бір жел сөз екен сырғымалы» дегенімен де, қоржынына тек асыл өлеңдер салған сабаз еді.

– Кей ақындар ептеп прозаға еніп жатады. Сіз ше, проза жазуға бейімделіп көрмедіңіз бе?

– Көргенде қандай. Жазғаным жүзде де алдым. Бір күні (1993 жылы), бір жағынан, ойдан ой түсіп, екінші жағынан, кейбір мақталып жүргендермен бәстесіп көрейін деп, балаларға арналған шағын әңгімелер мен ертегілер топтамасын жаздым. Оны «Әлиханнның өлемі» деген ортақ тақырыппен «Балаусаны» республикалық жабық бәйгесіне жібердім. Қазылар үшінші орынға лайық деп тауыпты. Менің прозашылығым сол әрекетпен бітті. Қайтып прозаға қол созғам жоқ. Кейін әдеби сынға ептеп араластым. Онда да алдымдағы ақтаң-

Есағаң. Қанша бірге жүрсек те, алдарынан кесе өтпеген Жұматай, Кеңшілік, Жарасқан, Темірхан, Исраил ағаларым да, Фариза, Күләш апаларым да бұл күнде қасымызда жоқ.

– Құрдастарыңыз, бірге оқыған жандар туралы ше? Олардың да қатары сиреп қалды ма?

– Уақыттың заңдылығын кім бұза алушы еді. Сонда да болса, қос курстасым – көрнекті эссеист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Максат Тәж-Мұрат пен жазушы әрі сұңғыла аудармашы Максат Ізімовтің бір жылда өмірден өткені жанымызға қатты батты. Эссе дейтін жанр бар екендігін университетте оқыған кезімізде естідік қой, бірақ оның қалай жазылатынын көрсеткен немесе қалай жазылуы керектігін қазаққа ерінбей-жалықпай үйреткен Максат еді-ау. Осындайда еске түседі, біздің бала деуге болатын кезімізде «Лениншіл жаста» қызмет еткен Оралхан Бөкей новелланын шырайын шығарып еді. Газеттерде Оралханша қалам сілтейтіндер күрт көбейіп кеткен. Сол кезде ғой деймін «Өмірдің өзі новелла» деген тіркес те пайда болған. Ал қазақта эссенің абыройын биіктеткен Максат еді. 2009 жылы шыққан «Кәбиса жыл» кітабында, кейін 2024 жылы жарық көрген «Біздің елдің ұлтаны мен сұлтаны» кітабында ұсынылған эсселері көркем әңгімедей оқылатын. Сұхбаттарының бірінде Махаң осының құпиясын да айтқандай болып еді: «Жазушы бір тақырыпты жазғысы келіп өзінен өзі ауланады және соны жазбайынша тыным таппайды. Мұның сырын білген ешкім жоқ, ол – шығармашылық психологиясының бір жұмбағы. Мен де солай, әлденені жазғым келеді, бірақ неге олай ететінімді өзім де білмеймін. Әлгі тақырыптар, айналып келгенде, белгілі бір тұлғаның ғұмырбаяны болып шығады. Биографиялық эссе жанры, оның ішінде персоналистік эссе, бұдан да дәлірек айтсақ, эссе-идентити. Көлемі жағынан әркілы, шағындау эсседен информанға дейін. Мазмұн жағынан «танымдық» шығармадан ауқымдырақ, себебі нағыз эссе бір өлшемнің шеңберіне сыймайды. Шын эссенің

ЖАНСАРАЙ

18 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

ішінде көсемсөзден бастап, проза элементтеріне дейін талай стильдік белгі-түзілімдер мидай араласып жатады. Эссе – сенсемен тіккен тұлыптай, жыңғылы бітік сай сияқты күрделі, әмбеназар (универсал) жанр» дегені бар-ды.

ӨЛЕҢ – АҚЫННЫҢ
ӨЗІНЕ КЕРЕК

– Ақын қоғамға керек пе, әлде...
– Қоғам дегеніңіз – тым ауқымды кеңістік қой. Біреулер мұны билік деп түсінуі мүмкін. Тек қойын құрттап, күнделікті құртын жеп, ашытқан аз ғана айранын ішіп жүргендерді де қоғамнан тысқары тастай алмайсың. Орта тапты, одан сәл жоғарылау немесе сәл төмендеу таптарды қайда қоясың. Бірақ, шынын айтқанда, өлең – қоғамға емес, ең алдымен ақынның өзіне керек. Ал егер қоғамның мүшелері арасында сол өлеңіңізді түсінетіндер болса, қағазды бекерге шимайламағаныңды ұғасың. Сол үшін ғана жазуға болады өлеңді. Сол адамдар үшін ғана. Демек, бұдан шығатын қорытынды, тек оқыла-

кене білдірмей жазып жүретінбіз. Оны жариялауға және қуыстанатынбыз. Бәлкім, әр ақынның (әсіресе, жас ақындардың) қасына поэзия туралы осындай дәрежеде білігі бар адамды отырғызып қою керек шығар. Бірақ ондай адамдар табыла бер ме? Айтпақшы, жақында бір сайттан (жасөспірімдер мен балаларға арналған сайт қой деймін) Мәкеңе арналған бөлімді көріп қалдым. Сайт былай дейді: «Мейірхан Ақдәулетұлы өлеңдері туралы өлеңдер осы бетте жинақталған. Мұнда тақырыпқа қатысты қазақша өлеңдер мен тапқартарды оқуға болады. Жинақта Мейірхан Ақдәулетұлы өлеңдері тақырыбына байланысты мағыналы әрі оқуға жеңіл өлеңдер берілген. Бұл бөлім мектепке және жаттауға қолайлы». Алғысөздің жарымжан құрылғанын өзін де көріп отырсыз. Айтпағым басқа: «...мағыналы әрі оқуға жеңіл өлеңдер» деген сөз. Бұл, өкінішке қарай, сайт қызметкерінің ғана емес, көпшіліктің өлеңге көзқарасы тәрізді. Осындайлардан соң ақын қоғамға керек деуге де батыл бармайды екен.

– Қазір (бүгінгі күні) сын айтатындар бар ма? Мәселен, сіздің жастардың поэзиясына көңіліңіз толмаған тұстарыңыз болған шығар. Сол жастарға не айтар едіңіз?

– Сын айтатындар құрып кеткен жоқ. Бар. Ашы айтатындар да бар. Бірақ сынды қолыңа әлдеқалай түскен шығарманың бар-жоғын тексерудегі уақытша құрал деп санамау керек. Сыналған дүниелерді қайдам, ал сын қалуға тиіс. Қай кезде оқысаң, сол кезде білмегенді айтып жіберетін жадынама сияқты ділгір нәрсе болуы қажет сын дегенің. Орыс әдебиетінде Белинский, Добролюбов, Чернышевскийлер болды ғой. Әлі күнге дейін оқып жүрміз. Коммунистік партия тарихында Ленинмен ерінбей-жалықпай жағаласқан әлгі Мартов, Аксельрод тәрізді меньшевиктердің «қателіктеріне» қатысты қаншама конспект жазсақ та, ондай революционерлерді біртіндеп ұмыта бастадық. Себебі олардан келген, кеткен пайда, зиянды біліп жарытпаймыз. Ал мына мықтылар ұмытылмайды. Неге? Себебі түбі терең. Заманы бөлектігі болмаса, айтар

техникасын менгеріп болған. Әрине, тақырыпқа да зәру емес. Мына заманды келістірмесе, өткен дәуірге кіре салады. Осы күнгі ләпкешілердің дүкендері сияқты, жанына не керектің бәрі бар. Тек сатып алайын деп қалтана қол салсаң, қажет емес бұйым екенін көресің де, қарның ашқан күйі жүре бересің. Бірақ өзіміз де бір кездері сондай жас болғанымызды ұмытуға да болмайды. Бұл ретте жалын атқан жас кезіндегі Шанизаданың өлеңдерінен, Байботаның пышақтың қырындай «Тұңғыш кітабынан», Есенғалидың «Бастауынан», Светкалы Нұржановтың «Аруана», Бауыржан Бабажанұлының «Аспан мен жердің арасы» жинақтарынан ғибрат алса дейсің жас буын.

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ АЙЫРЫҚ
ЖОЛДА ТҮРҒАН СЕКІЛДІ

– Жанашылдық пен дәстүршілдік туралы ойыңыз өзгерді ме?

– Бұл екеуі қатар өмір кеше беретін қос ағыс қой. Жанашылдық дегенде Сырбай аға Мәуленовтің «Ақ түні» есіме түсе береді. Сол кездегі өлең теориясына бағынбағанын қадам еді ғой. Музыкамен ілікшатыстығы және бар. «Ақ түн, ақ түн Алып бір ақ сауыт. Ақ боз аттың Жалындай ақша бұлт. Ақ түн – ақ гүл Айнала тұтасқан. Төгілмей шак тұр Ақ мұхит – сүт аспан» деп кете беретін жажап дүние. Осы өлеңді қайта-қайта оқи бергенді жақсы көремін. Өзгеше, өлеңнің төресі.

– Балалар әдебиетінде қалам тартқан жан ретінде осы жанрдың (балалар әдебиетінің) бүгінгі дамуы туралы не айтар едіңіз?

– Қазақ балалар әдебиеті қазір айырық жолда тұрған секілді. «Менің атым Қожаңы» айтайын десең, содан басқа мысал құрып қалды ма деп кіржің ете түсетіндер пайда болды. Соқпақбаев түгілі ортамызда аман-есен жүрген Молдахмат Қаназовты да үлгі тұтуды қойдық. Қадыр Мырза Әлі «Күміс қонырауының» орнын басатын кітапты іздестіріп жатқан да ешкім жоқ. Былайша қарағанда, қазақ балалар әдебиетінің өткенін біржола жоққа шығарудан басқа ештеңе қалмаған тәрізді. Жыл сайын балалар әдебиетіне арналған әлденеше конкурс өтеді. Бірақ соңынан, кім озы, оның шығармасы қандай дәрежеде болды, жетістігі қандай, кемшілігі неде деген сияқты сауалдар қойылмайды. Қызыл алқасында болатын бірнеше адамның мақтауы жеткілікті болатын сияқты. Анау Кеңес өкіметі тұсында балалар жазушылары Молдахмет Қаназов, Тынымбай Нұрмағамбетов, Марат Қабанбаевтар әдебиетке «Жалын» баспасының жабық бәйгесі арқылы келіп еді ғой, қазіргі бәйгелер неге тап сондай беделді емес? Қазір суреті, бояуы келіскен кітаптарды ғана жер-көкке сыйғызбай мақтауды әдетке айналдырып алған сынайымыз. Жалпы, кітаптың мазмұнын бет-парағына жабыстырылған суреттер арқылы пайымдау дегенді мен түсінбеймін. Комикс пен кітапты шатастырмау керек. Мен, мысалы, Нұрғали Ораздың немесе Сәбит Дүйсенбиевтің әңгіме-повестеріне суреті үшін емес, тілі мен образды ашудағы шеберлігі үшін ықыласты боламын. Ертеректе ауыл дүкендерінде өтімді затты өтпейтін затқа қосып сататын әдет бар еді. Кітапты әуелі суретіне қарап бағалауды сондай әрекет деп ойлаймын. Жалпы, балалар әдебиеті туралы айтуға тиіс проблемалар баршылық. Мына сұхбатымызда оған тереңдемей-ақ қояйын.

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС

ӨЗ МЕЗГІЛІ БОЛАДЫ



тын өлеңдер ғана жазу керек. Жайдақтанба. Тайыздан қаш. Алдарқатуды ойлама. Өзіңді де алдама. Бірақ атанның белі көтере алмас мұндай жүкке кім төтеп береді.

– Төтеп бере алмаса қайтпек?

– Онда мақұлы өлеңді қоюы керек. Ақтөбеде бәріңіз білетін ақын Мейірхан Ақдәулетұлы бар. Ол кісі Ақтөбеге келгені өлеңді бір-жола қойды-ау деймін. Тығып ұстап жүрсе өзі біледі, мен әйтеуір Мәкеңнің өлең жазғанын соңғы жиырма шақты жылдың ішінде көрмей кеттім. Газеттер қоймастан сұрап жатса, бұрынғы өлеңдерінен іріктеп береді де қояды. Жазбай жүрмін деп те айтпайды. Ойлап көрсек, Мәкең желдіртгіп оқып шығатындай дүниелерді қазір де жаза алады. Жазғанда да бұнысы әлдекімдердің мақтаудан мақтауға ілігіп жүрген жазбаларынан әлдеқайда артық болуы мүмкін. Бірақ Мәкең өйтпейді, бұрынғы жазғандарына қарайды да, одан артыққа бара алмасын біле ме екен, өзін тежеп ұстайды. Біз Бауыржан Бабажанұлы екеуіміз осы кісімен бірге сол жиырма шақты жылдың ішінде бір ұжымда еңбек еттік. Талай күнделіміз әдебиет туралы әңгімемен өтті. Өлеңнің тамырын тап басатын мұндай білгірді басқа жақтан ақшасына сұрап әкеле алмайсың. Сол әңгімелердің әсері шығар, Баукең екеуіміз өлең жазамыз деп айтуға да қараптан қарап қысылып жүруші ек. Бірақ өлең деген дерт қой, Мә-

ҚЫСҚА - НҰСҚА

- Бір сөзбен: поэзия?
- Поэзия – ақынның ішкі дүниесінің суреті.
- Шабыт па, тәртіп пе?
- Шабыт – ешкімге бағынғысы келмейтін аусар күй. Бірақ сәл шыдасаныз, тәртіпке түседі.
- Қағаз ба, телефон ба?
- Маған қағаз жақын. Телефон хабар жеткізуші ғана.
- Досыңыз көп пе, дұшпаныңыз ба?
- Досым көп деп ойлаймын. Мені жақтырмайтындар да бар, бірақ олар дұшпаным емес.
- Соңғы оқыған кітабыңыз?
- Максат Тәж-Мұрат. «Біздің елдің ұлтаны мен сұлтаны» (эсселер).

– Шындықты айту мен әдемі айту – қайсысы сізге жақын?

– Маған екеуі де жақын емес. Өз басым естігенім болмаса, толық шындыққа кезікпеген де сияқтымын. Алданатымыз – жарым-жартылай шындықтар. Сонан соң, әрине, әдемі айтуға тырысамыз. Біз ғана емес, жалпы адамзат солай сияқты. Тіпті, ешкім де алдануға тиіс емес ірі спорттық жарыстарда да шындықтар құлап түсіп жатады. Мысалы, әлгі жер жүзі қас қақпай қарайтын Олимпиадаларда қазылар алқасының көзбе-көз бұра тартқанын көріп жағанды ұстайсың. Шындық дегеніңіз де әркімнің қолына түсе бермейтін дефицит тауар сияқты ғой. Әрі-беріден соң әркімнің өз жекеменшік шындығы бар. Және ол шындыққа күмән келтірсең, сенен жаман адам болмай шығады.

ойы, иландыруы бүгінгінің сөз саптасына келетін сияқты. Әлде біз сол заманның адамдары сияқтымыз ба? Ал біз Абайдың «өлеңі бірі жаман, бірі құрау» деген бір тармақ жолын бүкіл қазақ болып әрі итеріп, бері жығып жүріп, әзер түсіндік. Қазақ әдебиетіндегі сынның тарихын, бәлкім, осы өлеңнен бастау керек шығар. Қазақ поэзиясының жоқ десем, басым пәлеге қалатынын жақсы білемін. Бірақ бар екендігін дәлелдеп беретіндер болса, мойындатса, тек рахмет айтар ем. Тұрсынжан Шапайдың сонау оларға кезеңде лириканы талдаған сериялы макалаларынан соң бұл тұрғыдағы әңгіменің сипаты біздің ауылдың көне құлығы сияқты тайыздап қалды. Ал жастар туралы сөз қоссам, «көңіліміз толмаған» тұстар жеткілікті. Қазіргі жас буын, қалай десеңіз де, өлеңнің

МӘДЕНИЕТ

18 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

«КЕКІЛБАЕВ ТҰЛҒАСЫ» ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік басқару академиясында қазақ руханиятының көрнекті өкілі, Қазақстанның Еңбек Ері, мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті жазушы Әбіш Кекілбайұлының өмірі мен қызметіне арналған «Кекілбаев тұлғасы» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Іс-шараның мақсаты – Әбіш Кекілбайұлының өнегелі өмір жолын мемлекеттік қызметке қызығушылық танытатын жастар арасында насихаттау, оның тұлғалық және кәсіби мұрасын дәріптеу.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай құттықтау сөзінде мемлекеттік қызметшілердің тұлғалық әлеуетін дамыту бағытында «Тұлғатану» жо-



басы аясында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келе жатқанын айтты. Соның ішінде

Әбіш Кекілбайұлы тұлғасының өмір жолы шығармашылық пен мемлекеттік қызметті қатар алып жүруімен ерекшеленгенін айрықша атады.

Кітапта Әбіш Кекілбайұлының өмірінің әр кезеңі, шығармашылық және қоғамдық-саяси қызметі, тұлғалық қалыптасу жолы жан-жақты қамтылған. Сонымен қатар оның адамгершілік қасиеттері, күрделі кезеңдерде шешім қабылдаудағы көрегендігі, мемлекетшілдік ұстанымы, ел бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтуға қосқан үлесі кеңінен баяндалады. Жинаққа замандастарының естеліктері, пікірлері мен тарихи деректер енгізілген. Кітап авторлары – Ұлан Айхожа мен Абай Сейфулла.

Аталған жоба Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің «Тұлғатану» бағыты аясында жүзеге асырылып отырған жұмыстардың жалғасы. Бұған дейін осы бастама шеңберінде жарық көрген «Сапарбаев тұлғасы» кітабы оқырмандар тарапынан оң бағасын алған. Ал «Кекілбаев тұлғасы» кітабы осы рухани сабақтастықтың заңды жалғасы.

ҰБТ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУҒА ЖАСАЛҒАН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ



Министрдің айтуынша, адами капиталға инвестиция жасау – мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі. Бұл бағыт Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп отырған реформалардың негізін құрайды. Бүгінде әлем елдері білім беру жүйесін жаңғыртып, жаңа модельдер мен цифрлық шешімдерді енгізуде.

«Қазір білім беру саласы тек білім берумен шектелмей, нақты дағдыларды меңгерген, еңбек нарығына бейімделген мамандарды даярлауға бағытталуға тиіс. Бұл – сапалы жана кезеңге көшу», – деді Аида Балаева.

Осыған байланысты талапкерлерді іріктеу жүйесінде, әсіресе педагогикалық мамандықтарға қабылдау кезінде жаңа тәсілдер енгізілмек. Атап айтқанда, тестілеумен қатар арнайы емтихандарды қамтитын гибриді бағалау формасы қолданылады. Бұл тәсіл талапкерлердің тек пәндік білімін ғана емес, сонымен бірге сыни ойлау, талдау және коммуникациялық дағдыларын бағалауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда талапкерлерді іріктеу жүйесін жетілдіру мақсатында Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) форматына бірқатар өзгеріс енгізу жоспарланып отыр. Бұл туралы Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мәлімдеді.

Сонымен қатар келесі жылдан бастап педагогикалық бағыттарға түсу кезінде ҰБТ нәтижелерімен қатар ауызша емтихандар да ескерілімек. Бұл емтихандарда талапкерлердің оқуға дайындығы мен кәсіби бейімділігіне ерекше назар аударылады.

Министр сондай-ақ ҰБТ-ны бір рет тапсыру форматына көшіру ұсынылып отырғанын атап өтті. Оның сөзінше, бұл шешім грант конкурсына қатысу кезінде әділ әрі объективті бағалауды қамтамасыз етуге бағытталған. Ал талапкерлердің дайындық деңгейін тексеру үшін сынақ тестілеу жүйесі сақталады.

Бұдан бөлек, жоғары оқу орындарына Foundation бағдарламалары арқылы шартты қабылдау тәжірибесінен бас тарту жоспарланып отыр. Себебі мұндай жүйемен қабылданған студенттердің едәуір бөлігі оқу барысында қажетті шекті балды жинай алмайды.

«ҰБТ жүйесін өзгерту – тестілеуден бас тарту емес. Бұл – дарынды талапкерлерді анықтап, әділ іріктеуге бағытталған маңызды қадам», – деп қорытындылады Аида Балаева.

Жалпы, ұсынылып отырған өзгерістер білім беру сапасын арттырып, елдің ұзақмерзімді дамуына негіз болады деп күтілуде.

Қазақстан мен Қытай арасындағы білім және ғылым саласындағы ықпалдастық екі ел Президенттері қол жеткізген халықаралық келісімдерді іске асыру аясында қарқынды дамып келеді. Осы бағыттағы бастамалар Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің (QyzPU) халықаралық қызметінен де айқын көрініс табуда.

80 жылдан астам тарихы бар Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті – Қазақстан мен Орталық Азиядағы қыз балаларға арналған бірегей білім ордасы. Университет заманауи талаптарға сай халықаралық байланыстарын кеңейтіп, педагогикалық білім мен ғылымның іргелі орталығына айналып келеді.

Бүгінде QyzPU әлемнің 23 еліндегі 80-нен астам жоғары оқу орнымен, оның ішінде Қытай, АҚШ, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Түркия, Ресей және бірқатар Еуропа елдерінің жетекші университеттерімен стратегиялық серіктестік орнатқан.

Жуырда университет делегациясы Қытай астанасы Бейжің қаласында өткен China Study Ab-



QYZPU-дың ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

road Forum (CSAF 2026) халықаралық форумы мен China International Education Exhibition Tour 2026 (CIEET 2026) білім беру көрмесіне қатысты. Іс-шара барысында шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасып, ынтымақтастықты дамыту бағытында келіссөздер жүргізілді.

Халықаралық көрмеге Қазақстан делегациясын бастап барған Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова CIEET 2026 көрмесінің ұлттық

жоғары білім беру жүйесін халықаралық деңгейде ілгерілетуге, білім беру қызметтерінің экспорттық әлеуетін арттыруға және академиялық әріптестікті кеңейтуге ықпал ететінін атап өтті.

Әлемнің түрлі елінен 200-ден астам университет пен Қазақстаннан 30-ға жуық жоғары оқу орны қатысқан көрмеде QyzPU-дың білім беру бағдарламалары,

ғылыми әлеуеті және университеттің ерекшеліктері жан-жақты таныстырылды. Сонымен қатар Қытай жоғары оқу орындарымен тәжірибе алмасып, ынтымақтастықтың жаңа бағыттары талқыланды.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы – ректор Бейбітқұл Кәрімова бастаған делегация Бейжің тіл және мәдениет университетінің президенті Дуань Пэнмен кездесіп, білім, ғылым және мәдениет салаларындағы екіжақты ынтымақтастықты кеңейту жолдарын қарастырды.

Кездесу барысында «2+2» қос диплом бағдарламасын іске асыру, академиялық алмасуды дамыту және мәдени-гумани-

тарлық байланыстарды нығайту мәселелері талқыланды. Сондай-ақ Beijing Language and Culture University-дің қытай тілі, лингвистика және әдебиет саласындағы жетекші ғылыми орталықтардың бірі екені атап өтілді.

Сонымен қатар QyzPU делегациясы Бейжіңдегі Capital Normal University басшылығымен кездесіп, ынтымақтастық бағыт-

тарын қарастырды. Тараптар бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту, педагогика саласындағы ортақ ғылыми зерттеулер жүргізу және біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мәселелерін талқылады.

Кездесу қорытындысы бойынша, академиялық ашықтық пен инновациялық дамуға негізделген ұзақмерзімді серіктестік орнату туралы келісімге қол жеткізілді. Capital Normal University – Қытай Халық Республикасы Білім министрлігі мен Бейжің муниципалды үкіметінің қолдауына ие, Double First Class University Plan бағдарламасына енген жетекші оқу орындарының бірі.

Аталған ынтымақтастық бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға, ғылыми зерттеулерді дамытуға және академиялық алмасуды кеңейтуге мүмкіндік береді. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті – сапалы білім берумен қатар, ұлттық тәрбиеге негізделген рухани-мәдени органы қалыптастырып отырған білім ордасы.

«Білімді қыздар – білімді ұлт» қағидасын ұстанған QyzPU алдағы уақытта да білікті педагог мамандар даярлап, жаңа белестерді бағындыра бермек.

РУХАНИЯТ

18 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

АНИМАЦИЯ

шебері

ұлықталды

Биыл қазақ анимациясының көрнекті өкілі Ерсайын Әбдірахмановтың туғанына – 80 жыл. Таяуда атаулы мерейтойға орай Алматыдағы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында «Режиссер және ұстаз Ерсайын Әбдірахманов мұрасы» атты дөңгелек үстел өтті.

онымен бір ұжымда қызмет еткен әріптесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, кинодраматург Маргарита Соловьева Ерсайын Әбдірахмановтың қайталанбас шығармашылық болмысы мен адами қасиеттері туралы естелігін ерекше тебіреніспен еске алды.

– Бірде біз үйде шай ішіп отырған сәтте Ерсайын өзінің балалық шағы туралы әңгімелеп берді. Соғыстан кейінгі кезең, Солтүстік Қазақстандағы ауыр өмір, анасымен бірге егістіктен масақ терген күндері... Сол кезде мен анимация тек балаларға арналған ойын-сауық өнім емес, үлкен өнер екенін түсіндім. Содан кейін мен оған: «Біз жай ғана ертегі емес, сенің өмірің туралы, анаң туралы, жалпы біздің

А Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Аталған жиында режиссердің өмір жолы мен бүгінге дейін жеткен шығармашылық мұрасы, ұлағатты ұстаздық қызметі кеңінен сөз болды. Кездесу барысында режиссердің замандастары мен әріптестері, сондай-ақ тәлімін көріп өскен шәкірттері арнайы сөз алып, жылы естеліктерін бөлісті.

– Бүгінгі іс-шараның мақсаты Ерсайын Әбдірахмановтың есімін ұмыт қалдырмай, оны студенттерге, магистранттар мен докторанттарға кеңінен насихаттауға негізделген. Режиссер 2001 жылы өмірден өтті. Ерте кеткенімен, қазақ анимациясы мен кино саласында өшпес із қалдырды. Әсіресе, ұстаз ретінде көптеген шәкірт тәрбиеледі. Сонымен бірге ол – Кино және ТВ факультетінің негізін қалаушылардың бірі, – деді Кино және ТВ факультеті, «Анимация режиссурасы және интерактивті медиа» кафедрасының меңгерушісі Адай Әбілда.

Сондай-ақ жиынның алғашқы бөлімінде кинотанушы Нүргүл Абдуланың «Режиссер Ерсайын Әбдірахманов» атты монографиясының тұсаукесер рәсімі өтті. Аталған еңбек алғашында 2015–2016 жылдары дипломдық жұмыс ретінде бір жыл көлемінде жазылған. Кейіннен зерттеу жаңа материалдармен толықтырылып, көпшілікке монография ретінде ұсынылды. Ғылыми туынды кітапханаларға таратылып, кинотанушылар мен режиссура мамандығында оқитын студенттер үшін оқу құралы ретінде қолданылады.

– Бұл монографияда қазақ анимациясы мен деректі фильмдерге



кинотанушылық көзқарас тұрғысынан талдау жасалған. Іргелі еңбектің жазылуына арқау болған Ерсайын Әбдірахманов қысқа ғана 7-8 минуттық мультфильмнің өзіне бірнеше тақырыпты шебер сыйғыза білген, – деді кинотанушы Нүргүл Абдулла.

Сонымен бірге іс-шарада қазақ анимациясының тарихынан сыр шертетін сирек жәдігерлер ұсынылды. Көрмеге анимациялық фильмдерде қолданылған қуыршақтар қойылған.

Кинотанушының сөзінше, бүгінге дейін елімізде сақталған мұндай қуыршақтардың саны саусақпен санарлық. Экспозицияда таныстырылған қуыршақтар Алматыда тұратын режиссер-аниматор Любовь Родионованың жеке қорынан алынған. Қазіргі уақытта зейнетке шыққан ол – қазақ анимациясының тарихи мұраларын сақтап отырған санаулы тұлғалардың бірі.

– Көрмедегі экспонаттардың бір бөлігі 1970–1980 жылдары Мәскеудегі

тағдырымыз туралы фильм түсірейік», – дедім. Осылайша, «Жаворонок» фильмі дүниеге келді. Бұл күрделі жоба болғандықтан, ұзақ уақыт түсірілді. Кейін Ерсайын «Ер Төстік» жобасын қолға алуды ұсынды. Алайда 90-жылдардың қиын кезеңі басталып, қаржы тапшылығына байланысты бұл жоба толық жүзеге аспады. Ерсайын кейін деректі киноға бет бұрды, – деді ол.

Алайда соған қарамастан, режиссер шығармашылық байланысты үзбей, әріптестерімен пікір алмасуды жалғастырып отырған. Уақыт өте келе кәсіби әріптестік рухани жақындыққа ұласқан. Маргарита Соловьева Ерсайын Әбдірахмановтың кәсіби дамуына ықпал еткен тұлға екенін атап өтті.

– Ерсайын адам ретінде әдепті әрі сыпайы жан еді. Ешқашан орынсыз әзіл айтып, біреуді ренжіткенін көрген емеспін. Әзілдерінің өзі жұмсақ әрі орынды болатын. Әсіресе, декан ретінде оның рөлі ерекше. Кино факультеті – күрделі орта. Соған қарамастан, ол барлық адаммен тіл табыса білді. Оның кезінде ешқандай жанжал болған жоқ. Себебі ол жанжалды ұшықтырмай, алдын ала шешудің жолын табатын. Меніңше, бұл оның табиғи педагог екендігін көрсетеді. Ол зиялы ортадан шыққан адам еді. Бұл оның болмысынан анық байқалатын. Мен үшін Ерсайын тек әріптес емес, рухани тұрғыдан жақын адам болды. Мұндай тұлғалар қоғамда сирек кездеседі, – деді М.Соловьева.

Дөңгелек үстел аясында көрермен назарына «Ерсайын Әбдірахманов» деректі фильмі ұсынылды. Одан өзге «Бозторғай» және «Қозы мен Қосаяқтың жақсылық іздеуі» сынды анимациялық фильмдердің көрсетілімі өтті.

Көрмедегі экспонаттардың бір бөлігі 1970-1980 жылдары Мәскеудегі Союзмультфильм студиясында жасалған. Кейбірі Чехияда арнайы тапсырыспен әзірленсе, кейбірі қазақстандық режиссер-аниматорлардың өз қолымен жасалған.

Союзмультфильм студиясында жасалған. Кейбірі Чехияда арнайы тапсырыспен әзірленсе, кейбірі қазақстандық режиссер-аниматорлардың өз қолымен жасалған. Олардың қатарында қуыршақтар ғана емес, сондай-ақ эскиздер мен мизансценаға арналған элементтер де бар. Шынында, қазір қазақ анимациясында қуыршақ анимациясы қолданыла бермейді. Сол үшін де біз бұл көрмені жас аниматорларға шабыт беру мақсатында ұсынымыз келді. Себебі мұндай жәдігерлерді сақтау – ұлттық анимация тарихы үшін аса маңызды, – деді Н.Абдулла.

Режиссердің көзін көрген әріптестері мен шәкірттері оның қазақ анимациясында өзіндік қолтаңбаға ие әрі сирек кездесетін тұлғалардың бірі болғанын айтады. Солардың бірі кезінде



АЙМАҚ

18 СӘУІР 2026 | СЕНБІ



Атырау облысында көктемгі су тасқынының алдын алу бағытында ауқымды жұмыстар жалғасуда. Қазіргі уақытта мамандар Жайық, Қиғаш, Сағыз және Жем өзендеріндегі ахуалды күн санап бақылауда ұстап отыр. Су келуде, алайда әзірге қауіпті деңгейден асу деректері тіркелген жоқ.

А Баян ЖАНҰЗАҚ, Атырау облысы

Дегенмен Жылыой ауданы аумағында атқарылып жатқан шаралар басты назарда болып отыр. Жылыой ауданы әкімдігінің мәліметінше, өңірде су тасқыны қаупін азайту, елді мекендерді қорғау және гидротехникалық жүйелердің жұмысын тұрақтандыру мақсатында бірқатар маңызды жоба іске асырылуда.

«Көктемгі тасқынға дайындық аясында Жем өзені мен Құрсай өзегі бойында түп тереңдету жұмыстары жүргізілді. Жалпы ұзындығы 95,3 шақырымды құрайтын аумақта арналарды тазалау және тереңдету арқылы судың өткізу қабілеті жақсартылып жатыр. Сонымен қатар қорғаныс бөгеттері күшейтіліп, су деңгейін реттеу бағытында нақты іс-шаралар қабыл-

дануда», — деді Жылыой ауданының әкімі Жұмабек Қаражанов.

Мамандардың айтуынша, тасқын қаупі ең алдымен ұзындығы 212 шақырымға созылатын Жем өзені арқылы келетіндіктен, негізгі күш осы бағытқа жұмылдырылған. Осы ретте Бақашы және Қарағай ауылдары маңында гидротехникалық құрылыстар, оның ішінде шлюздер салу жұмыстары аяқталды. Сондай-ақ Сарқырауық каналы бойынша су реттеу жүйесі іске қосылып, өңірдегі су айналымын бақылау мүмкіндігі артты.

«Қосымша шара ретінде Қамысқол деңгейін күтетін мақсатында Құрсай каналы арқылы су жіберілді. Бұл кадам өңірдегі су балансының тұрақтылығын сақтауға және экожүйеге түсетін жүктемені азайтуға бағытталған. Сондай-ақ Құлсары қаласымен бірге, Ақкиіз-

ТАСҚЫНҒА ТОСҚЫН: ҚҰЛСАРЫДА АХУАЛ ҚАЛАЙ?

тоғай, Тұрғызба және Шоқпартоғай ауылдарында қорғаныс бөгеттерін салу және нығайту жұмыстары іске асырылды. Бұдан бөлек, Жем және Қара-Арна ауылдық округтерінде 16 шақырымнан астам өзек арнасы тазартылып, су өткізу қабілеті едәуір жақсарды», — деді Ж.Қаражанов.

Көктемгі су тасқынының алдын алу бағытында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстардың ішінен Жылыой ауданы аумағында жүзеге асқан ірі жобаның бірі — Жем өзені бойында салынған гидрошлюз құрылысының аяқталуын атап өтуге болады. Құлсары қаласын тасқын судан қорғау мақсатында бой көтерген бұл гидротехникалық нысанның маңызы зор. Енді Құрсай каналына жіберілетін су көлемі толық бақылауға алынып, реттеліп отырады. Сонымен қатар өзен бойындағы шаруашылықтар үшін де су тапшылығы мәселесі шешімін таппақ.

Қазір құрылыс жұмыстары толық аяқталған. Енді нысан аумағын қоршау және абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл іске 20-ға жуық адам мен 5 техника жұмылдырылған. Гидрошлюздің биіктігі 4 метр, ал жалпы ұзындығы 125 метрді құрайды.

Мердігер мекеме өкілі Бақытжан Ғалымжановтың айтуынша, нысан бірнеше бағытта тиімді. «Қазір мұнда 5 шлюз тұр. 5 шлюздің өзі секундына 5-6 куб метр су жібереді. Бұл жобаның тиімділігі — Құлсары қаласында Қамысқолді сумен қамтамасыз ету. Одан басқа да ком-

муналдық жұмыстарға және жергілікті шаруашылықтарды сумен қамтуға пайдаланылады», — деді ол.

Бұл жоба — өзен бойындағы шаруалар үшін де үлкен қолдау. Бұған дейін Жем өзені жаздың ортасына қарай тартылып қалатын. Енді гидрошлюз арқылы су тұрақты түрде жіберіліп, егістік пен мал шаруашылығына қажетті жағдай жасалады. Өңірде тасқынға қарсы іс-шараларға биыл жергілікті бюджеттен 1 млрд теңге бөлінген. Төтенше жағдай орын ала қалған жағдайда 1 700-ге жуық адам, 466 техника, 300-ге тарта қайық пен мотопомпа, сондай-ақ 3 тікұшақ дайын тұр.

Айта кетейік, Жайық өзені, Жем және Ойыл өзені бойында орналасқан 51 елді мекен ерекше бақылауға алынып отыр. Қауіпті учаскелерде 15 гидрологиялық бекет орнатылып, су деңгейіне тұрақты мониторинг жүргізілуде. Сонымен қатар Атырау облысы бойынша жалпы су шаруашылығы инфрақұрылымын қалпына келтіру жұмыстары да жүйелі түрде жүргізілуде. «Табиғат» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына қарасты суару арналары тазартылып, жаңғыртылуда. Кәсіпорын 21 арна мен «Ералы» гидроторабына қызмет көрсетеді, ал жалпы жүйенің ұзындығы шамамен 1 300 шақырымды құрайды.

Мамандардың мәліметінше, жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде қазіргі өзінде 15 арна 90 пайызға дейін суға толған. Бұл су

тапшылығы мәселесін шешуге және шалғай ауылдарды сумен қамту уақытын қысқартуға мүмкіндік беріп отыр. Бұрын су кейбір елді мекендерге 15–20 күнде жетсе, қазіргі таңда оның жеткізілу уақыты екі есеге жылдамдаған.

Су тасқынына қарсы жұмыстар қатарында жағалауды бекіту жобалары да бар. Махамбет ауданына қарасты Алға ауылында ұзындығы 3,2 шақырым болатын жағалауды нығайту жобасы жүзеге асуда. Қазір оның 50 пайызы аяқталған. Жоба аясында арналар бойынша қазба жұмыстары толық жүргізіліп, 946 дана свай қағылған және әуе электр желілері ауыстырылған.

Қазір нысанда қоршау орнату жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Бүгінде 4 100 дана геопшпунт орнатылып, құрылыс белгіленген кестеге сай жалғасуда. Айта кету керек, 2024 жылғы көктемгі су тасқыны кезінде бұл аумақ су астында қалып, жұмыстар уақытша тоқтатылған болатын. Қазір құрылыс қайта жанданып, қарқыны күшейтілді. Жобаны толық аяқтау мерзімі — биылғы қазан айы.

Жалпы алғанда, Атырау облысында су тасқынының алдын алу бағытындағы жұмыстар кешенді түрде жүргізіліп жатыр. Өзен арналарының тазартылуы, бөгеттердің нығайтылуы және гидротехникалық нысандардың салынуы өңірдегі қауіпсіздікті арттырып, табиғи апаттардың салдарын азайтуға мүмкіндік береді.

ШЕГІРТКЕМЕН КҮРЕС ЖЫЛДАҒЫ ЖЫРҒА АЙНАЛА МА?

Түркістан облысында биылғы шегірткеге қарсы күрес науқаны жүйелі жоспарлау мен жедел әрекеттен басталды. Өңір үшін шегірткемен күрес маусымдық іс-шара ғана емес, өңірдің аграрлық тұрақтылығы мен экологиялық қауіпсіздігін айқындайтын стратегиялық міндетке айналып отыр.

А Назгүл НАЗАРБЕК, Түркістан облысы

Соңғы жылдардағы климаттық өзгерістер, әсіресе ұзаққа созылған құрғақшылық, зиянкестердің табиғи тепе-теңдігін бұзып, олардың жаппай көбеюіне қолайлы жағдай қалыптастырды. Осыған байланысты өңір билігі биылғы науқанды бұрынғыдан ерте бастап, ауқымды әрі жүйелі түрде ұйымдастыруға көшкен. Бұл мәселені облыс әкімі Нұралхан Көшеров жеке бақылауына алса, осы салаға жауапты орынбасары Нұрбол Тұрашбеков тікелей басықасында жүріп, ерекше назарға алған. Тіпті, орталық мемлекеттік органдардың да белсенді қатысуы, атап айтқанда, Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің төрағасы Сәкен Қаныбеков бастаған мамандардың келуі, бұл мәселенің республикалық деңгейдегі маңызын көрсетеді.

Мамандар шегірткелердің көбеюіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі климаттық жағдай екенін айтады. Құрғақ әрі ыстық ауа райы олардың жұмыртқасының сақталуына және дернәсілдердің тез

жетілуіне мүмкіндік береді. Түркістан облысы — табиғи-климаттық тұрғыдан осындай қауіпке бейім аймақтардың бірі. Соның ішінде мароккалық шегіртке секілді аса қауіпті түрлердің таралуы ерекше алаңдаушылық туғызады. Бұл жағдай фитосанитариялық қауіпсіздікті тек ауыл шаруашылығы мәселесі ретінде емес, тұтас өңірдің азық-түлік қауіпсіздігі мен экономикалық тұрақтылығының негізі ретінде қарастыруды талап етеді.

Өңірдегі биылғы науқанның басты ерекшелігі — заманауи технологиялардың кеңінен енгізілуі. Дәстүрлі жерүсті бүрку әдістерімен қатар, дрондар мен авиация қолданылып жатыр. Әсіресе, АН-2 ұшақтарының тартылуы ірі аумақтарды қысқа мерзімде қамтуға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдердің тиімділігі де айқын, жүргізілген химиялық өңдеудің биологиялық нәтижелілігі 85-95 пайызға дейін жеткен. Яғни, уақытылы әрі дәл жүргізілген шаралар зиянкестердің таралуын айтарлықтай тежей алады. Сонымен қатар техникалық жарактандыру деңгейі де айтарлықтай артқан. 400-ден астам жер үсті бүріккіш, 1000-нан астам аспалы бүріккіш,

дрондар мен авиация, ондаған су тасушы техника жұмылдырылып жатыр. Бұл — өңірдің төтенше жағдайларға дайындық деңгейін көрсететін маңызды индикатор. Биылғы жоспарға сәйкес, облыс аумағында 906 мың гектар жерге мониторинг жүргізу көзделген. Қазір оның 117 мың гектары зерттеліп, нәтижесінде 21 мың гектар аумақта шегіртке зиянкестерінің саны экономикалық зияндылық шегінен асқаны анықталған. Бұл деректер күрес шараларын нақты қауіп бар аймақтарға бағыттауға мүмкіндік береді. Аталған жағдайға байланысты егістік алқаптарын қорғау және зиянкестердің таралуына жол бермеу мақсатында 19,6 мың гектар жерге химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілген. Өңдеу науқаны белгіленген кестеге сәйкес жедел әрі сапалы атқарылып жатыр. Күрес шараларына 253 бірлік жерүсті техникасы мен 45 су тасымалдаушы автокөлік үздіксіз жұмыс істеуде. Бұл ресурстардың үйлесімді пайдаланылуы зиянкестерді дер кезінде ауыздықтап, олардың кең таралуының алдын алуға мүмкіндік беріп отыр.

Күрес жұмыстарының тиімділігі көбіне ұйымдастыру сапасына байланысты. Осы тұрғыда Түркістан облысында жаңа басқару моделі енгізілген деуге болады. Зиянкестер таралған аумақтар 65 аймаққа бөлініп, әрқайсысына жеке жұмыс топтары бекітілген. Бұл тәсіл жауапкершілікті нақты-



лап, бақылауды күшейтеді, ресурстарды тиімді бөлуге мүмкіндік береді. Жедел штабтың құрылуы және оның тікелей дала жағдайында орналасуы да шешім қабылдау жылдамдығын арттырады.

Маңыздысы, күрес тек химиялық өңдеумен шектелмейді. Агротехникалық әдістер де қатар қолданылып жатыр. Мысалы, жер журту жұмыстары зиянкестердің жұмыртқаларын жою арқылы олардың санын 35-50 пайызға дейін азайта алады. Бұл — ұзақмерзімді әсері бар, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз тәсіл. Яғни, қазіргі саясат тек «сөндіру» емес, алдын алу және табиғи реттеу тетіктерін де қамтиды. Шегірткеге қарсы күресте ең маңызды кезең — ерте анықтау. Осы мақсатта биыл 1 миллион гектарға жуық аумақта мониторинг жүргізу жоспарланған. Қазір оның бір бөлігі ғана зерттеліп, ондаған мың гектарда зиянкестердің қауіпті деңгейге жеткені анықталған. Бұл деректер күрес шараларын дәл бағыттауға мүмкіндік береді. Яғни, ресурстар «соқыр» емес, нақты қауіп бар аймақтарға жұмсалады.

Айта кетейік, науқанға 2 мыңнан астам адам жұмылдырылған. Олардың қатарында: фитосанитариялық инспекторлар, ғылыми-

болжам орталығының мамандары, жергілікті әкімдік қызметкерлері және уақытша жұмысшылар бар. Мұнда дала жағдайында жұмыс істейтін мамандардың үйлесімді әрекеті нәтижеге тікелей әсер ететінін ескеруге де болады. Түркістан облысындағы шегірткеге қарсы күрес, бір жағынан, климаттық өзгерістер мен табиғи факторлар қауіп төндірсе, екінші жағынан, жаңа технологиялар мен басқару тәсілдері бұл қауіпке тиімді жауап беруге мүмкіндік беріп отыр. Егер қазіргі қарқын сақталып, барлық деңгейдегі үйлестіру күшейсе, өңір тек биылғы қауіптен аман шығып қана қоймай, болашақта мұндай қатерлерге төтеп беретін тұрақты жүйе қалыптастыра алады. Бұл науқанның басты сабағы фитосанитариялық қауіпсіздік кездейсоқ шаралармен емес, ғылыми негізделген, технологиялық және үйлесімді саясат арқылы ғана қамтамасыз етіледі. Жалпы алғанда, облыста шегіртке зиянкестеріне қарсы күрес жан-жақты күшейтіліп, ауыл шаруашылығы алқаптарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Нәтижесін алдағы күндері көретін боламыз.

ЭКОСАНА

18 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Ақындар әспеттеп жырға қосқан сұлу Көкшенің экологиялық ахуалы соңғы уақытта Алаңдатарлық жағдайға жетті. Әсіресе, аса ірі өндіріс орындарының тиісті талаптарға пысықырып та қарамауы мәселенің тым күрделеніп, іс жүзінде асқына бастауына себепкер болып отыр. Түйткілдің тым ушығуы халықтың да әбден жүйкесін жұқартқан. Халықтың ащы жанайқайы әзірге құзырлы орындардың табалдырығынан әрі аспай тұр. Себебі табиғатқа да, адам мен барша тіршілік иесінің денсаулығына да аса зор қауіп төндіретін зиянды заттар, зауыттардан шығатын ащы түтін мен қою шаң, қолқаны қабатын күлімсі иіс, шашылып-төгілген қоқыс пен мал өлекселері тым көбейіп кеткен. Өңірдің әр қиырындағы мұндай жағдайларды осыған дейін де жазғанбыз. Ақмола облысының Экологиялық департаменті жүргізген кезекті тексерістердің қорытындысы аймақтың экологиялық ахуалының бет-пердесін тағы бір мәрте сыпырып түсті...

ТАБИҒАТҚА

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

ТӨНГЕН

Құзырлы орган ұсынған ресми деректерге жүгінсек, экологияның ластануына ықпал етіп, заң талаптарын өрескел бұзған кәсіпорындар миллиондаған теңге айыппұл арқалаған. Алайда түйткіл бұл айыппұлдардың көлемінде емес, іс жүзінде оның мәселені шешуге еш әсерін тигізе алмауында болса керек. Экологтар қаншалықты айыппұл салып, дабыл қаққанымен, оны шыбын шаққан құрлы көрмейтін кәсіпорындардың қатары қалың. Бейберекет тірлік сол қалпы жалғасып жатыр.

Мәселен, былтыр облыс аумағында 86 бірдей ірі кәсіпкерлік субъектісі тексеріліп, 93 заңбұзушылық анықталған. Қарапайым тілмен айтқанда, тексерілген әрбір кәсіпорын дерлік экологиялық талаптарды елеп-ескермей, занды белден басқан. Тек былтырдың өзінде ғана экологияға келтірген залалы үшін облыс аумағындағы кәсіпорындарға 65 нұсқау беріліп, 128 әкімшілік хаттама толтырылған. Нәтижесінде, 111 іс қаралып, жалпы сомасы 41,7 миллион теңге сомасында айыппұл салынған. Ведомство дерегіне, күні бүгінге дейін салынған айыппұлдың 31,7 миллион теңге сомасы ғана өндіріліп, ал қалған 10 миллионға жуығы бойынша іс сала мамандарын әлі соттың табалдырығын тоздыруға мәжбүр еткен.

ЦИФРЛАРДЫҢ АСТАРЫНДА НЕ ЖАТЫР?

Экологиялық бақылау департаменті келтірген мәліметтерге қарағанда, айыппұл салу механизмі жүйелі түрде жұмыс істеп тұр. Алайда оның іс жүзіндегі тиімділігі күмән тудырады. Себебі заңбұзушылықтар саны азаймай, керісінше, жыл санап артып келеді. Демек, айыппұл кәсіпорындарды тәртіпке шақыратын құрал емес, керісінше «жұмыс шығынының» бір бабы ретінде қабылданып кеткендей көрінеді.

Олай дейтініміз, тек биылғы жылдың алғашқы токсанының өзінде сегіз кәсіпорын тексеріліп, барлығынан дерлік заңбұзушылық анықталған. Тағы да 40,9 миллион теңге сомасына айыппұл салынған. Алайда күні бүгінге дейін соның небәрі 3,7 миллион теңгесі ғана өндірілген. Қалғаны тағы да «орындалу сатысында» қалған. Бұл нені білдіреді? Бұл — экологиялық заңнаманың орындалуы емес, оның нақты іс жүзінде фор-



малды түрде атқарылып жатқанын айғақтайды. Яғни, жөн ұшынан жалғасу бұл жерді де әбден шыр-мап алған сияқты.

КОҚЫС КӨЗГЕ КӨРІНЕДІ, ЖҮЙЕНІҢ МӘСЕЛЕСІ КӨРІНБЕЙДІ...

Елорданың дәл іргесінде жатқанымен, облыстың ең басты экологиялық дерті — бейберекет коқыстан еш арыла алмауы десек қателеспеспіз. Мұны облыстық Экология департаменті де мойындады. Былтыр жүргізілген ғарыштық мониторинг арқылы 458 бірдей заңсыз коқыс орны анықталған. Күні бүгінге дейін оның тек 417-сі ғана жойылған. Ал қалғаны әлі мұрты бұзылмай тұр, — дейді Ақмола облысы Экология департаменті басшысының міндетін атқарушы Тұрар Қартамұлы. Олар әлі де табиғатты улап, теріскейдің түгін тартсаң май шыққан құнарлы жері мен түп-тұнық айдынын бүлдіріп жатқаны айтпаса да түсінікті.

Бұған жауапты жергілікті әкімдіктер екені даусыз. Бірақ олардың жауапкершілігі де «символикалық» деңгейде қалып отырғанға ұқсайды. Өйткені 23 шенеунікке небәрі 778 мың теңге айыппұл салынған. Бұл бір кәсіпорынға салынатын айыппұлдың тек көлеңкесінде қалатын сома екені түсінікті.

Тағы бір аса күрделі әрі негізгі мәселе инфрақұрылымның жоғы болып тұр. Өңірдегі 130 жер телімінің тек 25-інде қалдықтарды орналастыруға рұқсаты бар. Қалғаны заңсыз, бақылаусыз, бейберекет күйінде қалған. Мұны өңірдің белсенді тұрғындары да жиі айтады.

— Степногорск қаласының іргесінде өндіріс орындары жетер-

Расында, бақылаудың жоғынан өңірдің бірқатар аймағындағы стихиялық заңсыз коқыс үйінділерінің көлемі жыл санап ұлғайып, экологиялық апат қауіпін тудыруға таяу. Яғни, мемлекет алдымен жағдай жасамай, кейін соның салдары үшін жазалап отырғаны байқалады.

КӘРІЗ ЖҮЙЕСІ: ТОЗҒАН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ — ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІП

Мамандардың пайымына қарағанда, өңірдің экологиялық ахуалына аса елеулі қатер төндіріп тұрған келелі мәселе кәріз жүйесінің де әбден тозуы болып отыр. Өйткені шалғай аудандар мен ауылдарды айтпағанда, өңірдегі ең ірі қалалар — Көкшетау мен Степногорскінің өзінде кәріз тазарту құрылыстары 90 пайызға тозған. Бұл — тек техникалық мәселе емес, бұл экологиялық апаттың алдында тұрған аймаққа айнала бастағанын айғақтай түседі.

Елордадан таяқтастам қашықта ғана орналасқан Қосшы қаласында халық саны күрт өскенімен, инфрақұрылымы оған дайын болмай шықты. Шаһардағы тазарту жүйесі жүктемені көтере алмай отыр. Ал тұмса табиғатымен тұтас әлем туристерін тартуға қабілетті — Бұрабай ауданындағы тазарту құрылыстарында ультракүлгін залалсыздандыру жүйесі мүлде жұмыс істемей келген. Яғни, құзырлы органдармен «жұмыс істеп тұр» деп есептеліп кеткен жүйе, шын мәнінде, қағаз жүзінде ғана «мінсіз» болып шықты.

АУА САПАСЫ: БАҚЫЛАУ БАР, СЕНІМ ЖОҚ


Ведомствоның мәліметінше, Сәкен ақын жырлаған Көкшенің саф ауасы да қазір біршама ласта-

нып отыр. Оған жүргізілген сынамалар тағы бір мәрте көз жеткізді. Департаменттің дерегіне, мамандар атмосфералық ауаның сапасына қатысты 78 сынама алған. Бірақ бұл көрсеткіш өңірдегі жүздеген кәсіпорын үшін тым аз екенін атап өтпеске болмас. Жалпы, өңірде қоршаған ортаға эмиссия мониторингінің автоматтандырылған жүйесін енгізуге аса зор көңіл бөлініп келеді. Мұндай жүйені орнату талабы облыста «Степногорск ЖЭО», «Көкше Цемент», «Көкшетау Жылу», «АСИ қазандығы» және «Есіл қалалық коммуналдық шаруашылығы» сияқты бес кәсіпорынға міндеттеліпті. Дегенмен автоматтандырылған жүйе әзірге бұл кәсіпорындардың үшеуінде ғана орнатылған. Қалған екеуі әлі «орнату сатысында» қалған.

Дегенмен департамент құр шөппен ауызды сүрте беруге де болмасын атап өтті. Департамент мәліметінше, аймақта шамамен I санатты эмиссияға жататын 96, II санатты 346 және III санатқа жататын 1 318 кәсіпорын бар. Былтыр қоршаған ортаға тасталатын зиянды қалдықтардың көлемі жылына 21 249 тоннаға дейін азайғаны байқалған. Спикердің мәліметінше, бұл жоғарыдағы үш кәсіпорынның есебінен болған. Сол сияқты «Көкшетау Жылу» коммуналдық кәсіпорнында электр сүзгілерінің жөнделіп және жанадан жендік сүзгілердің орнатылуы 1 530 тоннаға жуық қалдықтың жойылуына себепкер болған.

ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ АЙЫППҰЛМЕН ШЕШІЛМЕЙДІ

Ақмола облысындағы жағдай бір нәрсені анық көрсетті: экологиялық бақылау жүйесі бар, бірақ ол тиімділігін көрсетер емес. Айыппұл бар, бірақ ол тәртіп орнатпай тұр. Жауапкершілік болғанымен, бірақ іс жүзінде іштей қамшылау басым. Бұл орайда тұтас әлемді аландатып отырған экологиялық ахуалдың тексеріспен емес, жүйемен түзелетіні естен шығарылып қалғанға ұқсайды. Бүгінгі жағдай сол жүйенің әлсіздігін айқын көрсетіп отыр. Егер осылай жалғаса берсе, ертен айыппұл көлемі өседі, бірақ табиғаттың жағдайы жақсармайтыны даусыз. Ал бұл ең қауіпті сценарий болмақ...



ЗЕРДЕ

18 СӘУІР 2026 | СЕНБІ



Адамзат өркениетінің ілгерілеуі ғылыми дамуымен өлшенеді. Ал жаһандану дәуірінде оның маңызы тіпті арта түсті. Өйткені қазір әлемде бәсеке күшейіп тұрған кезең. Әсіресе, ғылым мен технология саласында анық сезіледі. Қазір елімізде әр салада жаңалық ашып, қоғамның игілігі үшін жұмыс істеп жатқан жас зерттеушілердің үлесі 48 пайызға жеткен. Бұл соңғы 5 жылда ғалымдар саны 30 пайызға артты деген сөз. Президент отандық ғылымды дамыту, елдің ғылыми әлеуетін арттыру үшін ғалымдарға қолайлы жағдай жасап, оларды баспамен қамтып келеді.

Осындай қолдаудың игілігін көріп, ғылым жолында табандылықпен еңбек етіп жүрген жас ғалымдардың бірі – Жадырасын Нұрбекова. Оның ғылыми бағыты агроөнеркәсіп және өсімдіктер физиологиясымен байланысты. Жас ғалым Израильдің беделді Бен-Гурион университетінде өсімдіктердің биотикалық стресске төзімділігін зерттеу зертханасында 7 жыл ғылыммен айналысқан. Ол жерде Үндістаннан, Эфиопиядан, Бразилиядан келген ғалымдармен бірлесіп отырып, ғылымды тереңірек түсінуге мүмкіндік алған. Сол кезеңде Жапония және Германия елдерінде ғылыми тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болып, конференцияларда дәріс оқыды.

Жадырасынның ғылыми жаңалығын еліміз ғана емес, әлем жұртшылығы көдесіне жарата алады. Ол өсімдіктің қартаюу баяулатын Альдегид оксидаза 3 генінің жаңа қасиетін тапты. Ғалым бес жыл бойы *Arabidopsis thaliana* өсімдігіне эксперименттік зерттеулер жүргізген.

Соның нәтижесінде Aldehyde Oxidase 3 генінің бұрын белгісіз

ӨСІМДІКТІҢ «ЖАСТЫҚ ЭЛИКСИРІ» ЖАСАЛДЫ

болған жаңа қасиеті анықталып, өсімдік өмірін ұзартудың тиімді жолдары айқындалды. Зерттеу көрсеткендей, өсімдіктің тіршілік ету мерзімі стресс жағдайларына байланысты өзгеріп отырады. Мәселен, қолайлы ықпалдардың арқасында оның өмірін 20 күнге немесе 1 айға дейін ұзартуға мүмкіндік бар. Бұл ғылыми жаңалық еліміздің аграрлық саласын дамытуға елеулі үлес қосуы мүмкін. Жас ғалым жүргізген зерттеу нәтижелері өсімдіктану саласындағы беделді басылымдардың бірі The Plant Journal журналында жарияланды. Бұл жөніндегі ғылыми мақалада бірінші автор ретінде көрсетілген Жадырасынның есімін отандық ғылымның дамуындағы ауыз толтырып айтарлық нәтиже деуге болады.

— Ең басты ғылыми жетістігім — Aldehyde Oxidase 3 генінің жаңа қасиетін анықтау. Бұл ген өсімдіктерде бұрыннан белгілі болғанымен, оның тағы бір маңызды қызметі белгісіз еді. Зерттеу барысында біз осы геннің қосымша функциясын аштық. Атап айтқанда, өсімдіктерге биотикалық және биотикалық стресс әсер еткен кезде олардың ағзасында уытты метаболиттер түзіледі. Ал аталған ген сол зиянды қосылыстарды залалсыздандыруға қатысады. Соның нәтижесінде, өсімдіктің қартаюу үдерісі баяулап, тіршілік ету мерзімі ұзаруы мүмкін. Бұл — маңызды ғылыми жетістік. Аталған жаңалықты Қазақстанда ғана емес, басқа елдерде де түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарына қолдануға мүмкіндік бар. Осы бір геннің қасиетін толық дәлелдеу үшін бес жыл уақытымды арнадым. Бұл — аз мерзім емес. Дегенмен ірі ғылыми жаңалыққа қол жеткізу үшін табандылық пен уақыт қажет. Зерттеу барысында түрлі қиындық та, шабыт сыйлаған

сәттер де болды. Нәтиже шыққан кезде, ерекше қуаныш сезімін бастан өткересіз. Ғалым үшін ең үлкен қуаныш — нақты нәтиже. Ал күткен деңгейдегі нәтиже болмаған жағдайда, әрине, тығырыққа тірелгендей күй кешесіз. Бірақ ғылымға деген шынайы қызығушылық мұндай сәттерден өтуге көмектеседі. Ғылым жолында құлдырау мен өрлеу қатар жүреді, бірақ дәл осы үдерістің өзі оны қызықты етеді. Жалпы, карбонилді қосылыстар өсімдіктерде үнемі түзіліп отырады. Оларды залалсыздандыратын арнайы ферменттер де бар. Алайда стресс факторларының әсерінен бұл қосылыстардың

арқылы өсімдікке беріледі, ал өсімдік — адам тұтынатын негізгі азық-түлік көзі.

Қазір тұздану мәселесі тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде ауыл шаруашылығына кері әсер ететін негізгі биотикалық стресс факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Ол — әсіресе, дәнді дақылдардың өнімділігін төмендететін маңызды себептердің бірі. Сондықтан жас зерттеуші Жадырасын Нұрбекова тағы бір ауқымды ғылыми еңбегін тұзға төзімді өсімдіктерді зерттеуге арнапты.

— Осы бағытта жүргізілген зерттеулер аясында біз тұзға төзімді өсімдік түрлерін, соның ішінде галофиттерді жан-жақты қарастырдық. Нақтырақ айтқанда, олардың қай сорттары жоғары тұз концентрациясына төзімді екенін

алады. Ал Қазақстанда мұндай жүйе әлі толық жолға қойылмағанымен, ғылыми инфрақұрылым кезең-кезеңімен жетілдіріліп келеді. Сондай-ақ кейіпкеріміз шетелдік университеттерде студенттердің ғылыми ізденісіне ерекше мән берілетінін айтты. Көптеген оқу орнында студенттердің зерттеу жұмыстарын жүргізуіне арнайы қаржылық қолдау қарастырылған. Тіпті, кейбір университеттерде әр студентке дипломдық жұмысына жеке қаражат бөлініп, оны ғылыми жетекшісімен бірлесіп басқару мүмкіндігі ұсынылады.

Ғылыми ізденіс жолының жартысына жуығы шетелде өткендіктен, Қазақстанның ғылым саласындағы оң өзгерістерін елге оралғаннан кейін анық байқаған ғалым, бүгінде халықаралық ғылыми байланыстардың кеңейіп, жас зерттеушілерге берілетін мүмкіндіктердің артқанын айтады. Оның сөзінше, елде ғылымға деген қолдау күшейіп, бұл сала қарқынды дамып келеді.

— Жақында ғылымға қосқан үлесім үшін Мемлекет басшысының атынан пәтер кілтін алдым. Мұны жас ғалымға көрсетілген үлкен қолдау деп бағалаймын. Жалпы, Қазақстан ғылымының даму қарқыны жаман емес, тіпті үлкен биікке көтеріліп келеді деп айтуға болады. Шетелдегі ғылыммен салыстырсақ та, бізде ауқымды зерттеулер жүргізіліп, заманауи зертханалар жұмыс істеп тұр. Мұндай мүмкіндіктер көптеген жас ғалымның шетелден елге оралуына да ықпал етуі әбден мүмкін, — дейді кейіпкеріміз.

Сондай-ақ ол бүгінде ғалымдардың жалақысы заңнамалық деңгейде бекітіліп, гранттық қаржыландыру арқылы шетелдік ғылыми іссапарларға шығуға мүмкіндік бар екенін де негізге алды. Бұл өз кезегінде халықаралық әріптестікті нығайтып, бірлескен ғылыми жарияланымдардың көбеюіне ықпал етеді. Университеттерде де ғылымды қолдауға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Мәселен, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ғылыми нәтижелерді коммерцияландыруға арналған JANA ASU бағдарламасы жүзеге асуда. Ғылыми жаңалықтың практикалық маңызы дәлелденсе, зерттеушілерге қаржылық қолдау көрсетіледі. Қысқасы, қазіргі кезең — Қазақстан ғылымының дамуы үшін қолайлы уақыт. Жадырасынның ғылымының басқа да саласына үлес қосып жүрген ізденімпаз жастарға мүмкіндік мол. Өйткені ғылым экономиканың қозғаушы күші, инновацияның негізі, ұлттың зияткерлік әлеуетін айқындайтын басты факторы саналады. Сондықтан жастардың ғылымға келуін мемлекет болашағына қосылған үлес деп түсінуіміз керек.

С.БЕГІМБАЙ



денгейі күрт артқанда, өсімдіктің қартаюуы жеделдеп, кей жағдайда оның жойылуына әкелуі мүмкін. Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, Aldehyde Oxidase 3 гені осы зиянды қосылыстарды уытсыздандыру арқылы өсімдіктің қартаюуын белгілі бір деңгейде баяулатады, — дейді ғалым.

Биотехнология саласында елеулі жаңалық ашқан ғалымның айтуынша, бүгінде биотехнологтардың басты миссиясы — экологиялық және азық-түлік мәселелерін табиғи жолмен шешу. Яғни, зиянды химиялық қоспаларды қолданбай, қауіпсіз әрі тиімді әдістер арқылы қоршаған ортаны қорғап, сапалы азық-түлік өндіру осы саланың негізгі бағытына айналып отыр. Яғни, химиялық пестицидтердің орнына микроорганизмдер негізінде жасалған биоконсорциумдарды қолдануға мүмкіндік бар. Мұндай тәсіл ауыл шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін арттырып қана қоймай, топырақтың құнарлығын жақсартуға да ықпал етеді. Өйткені барлық пайдалы элемент топырақ

анықтауға басымдық бердік. Мұндай төзімді сорттарды іріктеу — агроөнеркәсіпті дамытуға, өнім сапасы мен тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл зерттеулердің маңызы тек ұлттық деңгеймен шектелмейді. Ғылыми жұмыстардың ағылшын тілінде жариялануы олардың халықаралық ғылыми қауымдастыққа қолжетімді болуына жол ашады. Осылайша, отандық ғылымның нәтижелері әлем ғалымдарының назарына ұсынылып, жаһандық деңгейдегі өзекті мәселелерді шешуге үлес қосады, — дейді ол.

Қазақстан ғылымы бүгінде қарқынды даму кезеңіне қадам басқан. Бұл үрдісті ғалым да нақты факторлармен жүйелеп айтып берді. Оның пікірінше, негізгі айырмашылық ғылыми әлеуеттен емес, жүйелік ұйымдастыруда көрінеді. Шетелдік тәжірибе бұл бағытта үлгі бола алады. Мәселен, Жапониядағы ғылыми-зерттеу институттарында зерттеушілерге зертханаға тәулік бойы кіруге мүмкіндік жасалған. Арнайы ID-карта арқылы кез келген уақытта ғылыми жұмыстарын жалғастыра

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4729

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілепті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,